

Мемлекеттік автоинспекцияның тіркеу-сынақтан өткізу қызметін жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1994 жылғы 13 қыркүйектегі N 92. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 24 маусымдағы N 217 бұйрығымен. ~V960322

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті 1992 жылдың 23 қарашадағы N 967 P920967_ қаулысымен бекіткен Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Мемлекеттік автоинспекциясы туралы Ережеге сай тіркеуге алу сынақтан өткізу қызметін онан әрі жетілдіру осы жұмыстың тиімділігін арттыру және ұйымдастыру мақсатында бұйырамын:

1. 1994 жылдың 1 ақпанынан төмендегі ережелер бекіп жүзеге асын:
 - Қазақстан Республикасындағы механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тізімге алу. (N 1 Қосымша)
 - емтихан өткізудің, азаматтарға жүргізуші куәлігін беру мен оларға көлік құралдарын жүргізуге рұқсат етудің тәртібі туралы ереже. (N 2 қосымша)
 - тіркеуге алу іс қағаздарын, жүргізуші куәліктерін, жүргізуші куәлігі талондарын, көлік құралдарының сандық белгілерін қабылдау, есепке алу, сақтау, жұмсау және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік автоинспекциясы тіркеуге алу-емтихан өткізу бөлімшелерін тексеру турасындағы нұсқаулар. (N 3 қосымша)

2. Облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы ішкі істер және көлік Мемлекеттік басқармаларының бастықтарына:

2.1. Мемлекеттік автоинспекция қызметкерлерінің бәріне, милиция учаскелік инспекторларына және ішкі істер саласындағы басқа да қызмет иелеріне Ережені, тәртіпті (положение) және нұсқауларды оқыту қамтамасыз етілсін, оларды орындау жұмыстары ұсынылған іс қағаздарына барынша сай ұйымдастырылсын.

2.2. Тіркеуге алу - емтихан өткізу бөлімшелерінің жұмысын нұсқауға сай іскерлікпен бақылау ұйымдастырылсын және бұл іс, мамандар ротациясы принципін пайдалана отырып, іріктелген барынша қабілетті және адал қызметкерлерге жүктелсін. Аталған бөлімшелердің қызметін тексеру нәтижесі міндетті түрде ІІБ басшылығында қаралып, шара қолданылсын және оны жетілдіру бағытында шешім қабылдансын.

2.3. Ереженің (положение), нұсқаулар талаптарының орындалуын облыстар (

қалалар) ПМ Мемлекеттік автоинспекциясы басқаларының (бөлімдерінің) бастықтары жеке өз жауапкершілігіне алсын.

2.4. 1994 жылдың 1-тоқсаны кезінде Ереже мен Тәртіптің мазмұны мен талаптары көлік құралдары жүргізушілерін даярлайтын мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға, оқу орындарына таныстырылсын, және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындарға кеңінен түсіндіру ісі жүргізілсін.

2.5. Ережеде, тәртіпте, нұсқауларда көрсетілген қызмет қағаздарының бланкаларын даярлау ұйымдастырылсын және олармен мемавтоинспекция бөлімшелерін жабдықтау қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Республикасы ПМ мемлекеттік автоинспекциясы Бас басқармасына (Н.И.Исаевқа):

3.1. 1994 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қолданылған және жолда жүру туралы ағымдағы халықаралық конвенция талаптарына сай жүргізушінің және көлік құралдары куәліктерінің жалпыға ортақ үлгі бланкілері жасалып, бекітуге әкелінсін.

3.2. 1994 жылдың бірінші жартысында, қажет еткен министрліктер мен ведомстволарға, сондай-ақ заң қызметкерлері мен Қазақстан Республикасы азаматтарына тарату үшін Ереже мен тәртіппен іріктеліп алынған жеке кітапшалардан 10 мың данасын басып шығару қамтамасыз етілсін.

3.3. 1994 жылдың екінші жартысында ПБ МАИ Басқармалары (бөлімдері) және тіркеуге алу, емтихан өткізу бөлімшелері қызметкерлерінің, ұйымдар мен азаматтарға олардың жұмысын одан әрі жетілдіру және осы бұйрыққа, ережеге, тәртіпке, нұсқауларға сай қызмет көрсетудің деңгейін көтеру турасында Республикалық семинар-кеңес өткізілсін.

3.4. 1994 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасы ПМ Мемлекеттік автоинспекциясы тіркеуге алу, емтихан өткізу қызметінің жағдайы туралы шолу дайындалсын.

4. Мына құжаттардың күші жойылсын:

- СССР ПМ-нің: 1975 жылғы 30 қаңтардағы N 20, 1982 жылғы 14 қазандағы N 334, 1987 жылғы 6 қаңтардағы N 6, 1975 жылғы 9 қыркүйектегі N 262 бұйрықтары;

- СССР ПМ-нің: 1980 жылғы 4 қаңтардағы N 3, 1987 жылғы 14

желтоқсандағы N 1 (6678, 1988 жылғы 25 наурыздағы N 1) 1988 жылғы 27 маусымдағы N 1 (3384, 1989 жылғы 16 сәуірдегі N 1) 1558, 1989 жылдың 27 сәуірдегі N 1 (177, 1989 жылдың 12 желтоқсанындағы N 1) 5374, 1991 жылдың 16 қаңтарындағы N 1 (208 нұсқаулар;)

- "Авто-мото көлік құралдарын тіркеу (қайта тіркеу) және есебінің

реті туралы Қазақ ССР ІІМ-нің 1991 жылғы 31 мамырдағы N 17/3-2555 уақытша нұсқауы.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы ІІМ-нің МАИ Бас Басқармасына жүктеледі. (Н.И.Исаев ж.)

Министр
Ішкі қызметтің
генерал-лейтананты

Қазақстан Республикасындағы механикалық
көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеу
Ережесі

Азаматтардың емтихан өткізу, оларға жүргізуші куәлігін
беру және жүргізушілерге көлік құралдарын жүргізуге рұқсат
етудің тәртібі туралы
Ереже

Қазақстан Республикасы ІІМ
1994 жылғы 28 қаңтардағы
N 17 бұйрығына N 2 қосымша

Азаматтардан емтихан қабылдау, оларға жүргізуші
куәлігін беру және жүргізушіге автокөлік
құралдарын басқаруға рұқсат ету туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер.

1.1. Бұл - Қазақстан Республикасындағы барлық құқылық адамдар мен азаматтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жерінде жүрген не тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқтарға ортақ және орындалуға міндетті

Ереже. Ол көлік құралдарының категориясын, <*> емтихан тапсыру тәртібін, азаматтарға жүргізуші куәлігін беріп, оларға автокөлік құралдарын басқаруға рұқсат ету жолдарын белгілейді.

<*> Көлік құралдарын айқындау, 1987 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген жолда жүру Ережесінде бар.

1.2. Барлық көлік құралдары олардың типінде пайдалануына, басқару ерекшеліктеріне қарай: "А", "В", "С", "Д", "Е" трамвай, троллейбус, мотоарба деген категорияларға бөлінеді және оларды жүргізуге бір үлгідегі куәлік <*> беріледі де берілетін рұқсат тиісті графасына белгі немесе көлік құралының категориясы қойылған штамп қойылады.

<*> Бұдан былай: "Категория куәлігі" - делінеді.

1.3. Жүргізуші куәлігіндегі графаларға рұқсат белгі қойылғанда мынадай көлік құралдарын жүргізуге болады:

"А" - мотоциклдер, мотороллерлер, мотонарт, және басқа мотокөлік құралдары;

"В"- толық массасы <*> 3500 кг-нан және жүргізушінікінен басқа орындағы сегізден аспайтын автомобильдер;

<*> Толық масса жолда жүру Ережесінде анықталған.

"С" - толық массасы 3500 кг-нан асатын жүк автомобильдері және "В" категориясындағы автомобильдер;

"Д" - жолаушы тасуға арналған және жүргізушінікінен басқа 8-ден артық орындағы бар автомобильдер және "В", "С" категориядағы көлік құралдары;

"Е"- тізбек тіркемелері сүйрейдін "В", "С" болмаса "Д" категориядағы көлік құралдарын және жүргізушінің басқаруға құқысы барлары;

Трамвай жүргізушісі тек трамвай, троллейбус жүргізушісі тек троллейбус жүргізеді.

Ескерту:

1. Жолаушылар таситын автомобильдерге: барлық кластағы автобустар мен адам (вахталық бригада) тасуға қайта жабдықталған не жасаушы зауыт сериялы түрде тиісті сыйымдылықпен шығарған автофургондар, сондай-ақ 8-ден артық адам тасуға жабдықталған жүк автомобильдері жатады.

2. "А", "В", "С", "Д" категориялары бар жүргізушілер мотоарбаларды жүргізуге құқы бар.

3. "В", "С", "Д" категориялы автокөлік жүргізушілері, толық масса 750 кг-нан аспайтын тіркемелерді көліктеріне жегіп жүруіне құқылары бар. Толық массасы 750 кг-нан аспайтын тіркемесі бар "В", "С", "Д" категориялы көлік құралдарын,

сондай-ақ жапсар-тіркемелі автобустарды басқару үшін жүргізуші "Е" категориясына рұқсат алуы керек. Ал жапсар-тіркемелі троллейбусты жүргізу үшін жүргізуші "Е" категориясына рұқсат алуы керек. Ал жапсар-тіркемелі троллейбусты жүргізу үшін оны жүргізушінің куәлігіне қоса 2-ші не одан жоғары класс куәлігі керек.

1.4. Азаматтардан, емтихан алып, жүргізуші куәлігін беру және "А", "В", "С", "Д", "Е" категориядағы көлік құралдарын және трамвай, троллейбус, мотоарбаларды жүргізуге рұқсат беру ісін Қазақстан Республикасы ІФІМ мемлекеттік автомобиль инспекциясының <*> емтихан алу тіркеу бөлімі атқарады.

<*> Бұдан былай МАИ бөлімшесі делінеді.

1.5. Көлік құралдары жүргізушілерін оқыту және қайта оқытумен оқу ұйымдары, өздерінің ведомстволық бағыныштылығына, меншік түріне байланыссыз, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, сондай-ақ басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар ҚР ІІМ МАИ Бас басқармасымен келісе отырып жасаған ортақ оқу жоспары мен бағдарламасы бойынша, ағымдағы заңдармен бекітілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

1.6. Жүргізушілердің оқу және қайта оқудан өткендігін, оларды оқытқан оқу ұйымдары, Мемавтоинспекцияға емтихан тапсырғаннан кейін берген ортақ үлгідегі "Көлік құралдары жүргізушілерін даярлайтын курсты бітіргендігінің куәлігі" (N 1 қосымша) деген құжат растайды.

II. Мемавтоинспекциядағы емтиханға және көлік құралдарын жүргізуге жіберу тәртібі

2.1. "А", "В", "С", "Д", "Е" категориядағы көлік құралдары мен трамвай, мотоарба, троллейбус жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігін алғысы келетін азаматтар алдымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген дәрігерден жарамдық куәлігін алып, оқу ұйымдарында толық дайындық курсынан өтуге міндетті.

2.1.1. Дәлелді себептермен жүргізушілер даярлайтын оқу ұйымдары болмайтын елді-мекендерде түпкілікті тұратын адамдар, өз бетімен дайындалған соң, ІІБ МАИ Басқармасы (бөлімі) басшыларының рұқсатымен ғана "А", "В", категориядағы автокөлік құралдарын жүргізу құқығын алуға МАИ бөлімдеріне емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін, Мұндай елді-мекендердің тізімін, Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ келісе отырып ІІБ басшылары бекітуі керек.

2.1.2. Жұмыс жағдайына байланысты оқу ұйымдарындағы дайындық курсына

қатыса алмайтын, жалпы жоғары не арнаулы-орта техникалық білімі бар адамдар "А", "В" категориядағы көлік құралдарын жүргізуге құқық алу үшін МАИ бөлімдеріне емтихан тапсыруға Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ рұқсатымен ғана бір жолға жіберілуі мүмкін.

2.1.3. "В" категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығы кемінде үш жыл жүргізушілік тәжірибесі бар адамдар, осы Ереженің 2.1.1. пункттерінде айтылған себептері болған жағдайда "С" категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығын алу үшін МАИ бөлімдеріне емтихан тапсыруға, ІІБ МАИ басқармасының (бөлімінің) ұсынысымен Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ басшыларының рұқсатымен ғана жіберілуі мүмкін.

2.2. Автомобиль - трактор мамандықтары бойынша не арнаулы орта оқу орындарын бітірген адамдарға "А", "В", "С" жеке-жеке, сондай-ақ "А", "В", "С" категорияларына бірден рұқсат етілген жүргізуші куәлігі, олар диплом көшірмесін, семестр және емтихан тапсыру ведомствосынан көшірілген мәліметтерде, диплом қосымшасын әкелгенде және МАИ бөлімдерінде өзі сұраған категориялар бойынша теория мен тәжірибеден емтихан тапсырған соң берілуі мүмкін.

2.3. Жүргізу куәлігін алу үшін МАИ бөлімдерінде емтихан тапсыратындар, түпкілікті тұратын жерлерінде тіркелген болуы міндетті.

Әскердің барлық түрінде, мерзімді қызмет етіп жүргендер өз әскери бөлімдері тұрған жеріне байланысты емтиханға жіберіледі.

Ескерту: Ішкі істер органдары қызметкерлерін емтиханға жіберу тәртібін Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ БАС Басқармасы белгілейді.

2.4. "А", "В", "С", "Д" категорияларға жататын көлік құралдарын және мотоарба жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігі, МАИ бөлімдерінде теория мен тәжірибеден емтихан тапсырған адамдарға беріледі. Ал "Е" категориясына тәжірибеден емтихан, трамвай, троллейбус жүргізуге теориядан емтихан тапсырады.

Теориялық емтихан кезінде Жолда жүру Ережесі мен жолда жүру қауіпсіздігіне қатысты және оқу бағдарламасында қарастырылған басқа да пәндер турасындағы білімі тексеріледі. Тәжірибелік емтихан кезінде тиісті категория бойынша көлік құралын жүргізу машығы тексеріледі.

2.5. "А" категориядағы көлік құралын және мотоарбаны 16-ға, "В", "С" категориядағыны - 18-ге, трамвай мен қызметтік жеңіл автомобильдерді, таксилерді - 20-ға, "Д" категориядағы мен троллейбусты - 21-ге толған адамдардың жүргізуіне рұқсат етіледі.

2.6. Әскери адамдардың және Қорғаныс министрлігі мен Республика Ұланы,

Ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің штаттағы көлік құралдарын жүргізуге жіберу тәртібін өз жолымен Қазақстан Республикасы: Қорғаныс министрі, Республика Ұланы, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық Қауіпсіздік комитеті белгілейді.

2.7. "С" не "Д" категориялы жүргізуші куәлігі бар әйелдерді, Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі мен Қазақстан Республикасы кәсіподақ Федерация кеңесінің әйел үшін белгіленген еңбек ауқымынан, жүк көтеруі мен жолаушы сыйымдылығы аспайтын жүк автомобильдерін немесе автобустарды жүргізуге рұқсат етіледі.

2.8. "Е" категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқы, "В", "С" немесе "В"- "С"- "Д" графаларында рұқсат белгісі қойылған жүргізуші куәліктері бар, тиісті автокөлік құралдарында үзіліссіз бір жыл жұмыс істеген, белгіленген бағдарлама бойынша оқу ұйымдарында қайта дайындықтан өтіп, МАИ бөлімінде көлік құралдары тізбегі бойынша тәжірибелік емтихан тапсырған жүргізушілерге беріледі. Мұндайда "В"- "С"- "Д" графаларында рұқсат белгілері бар куәлікті жүргізушіден тәжірибе емтиханы жапсар-тіркемелі автобустан алынады.

"Д" категориясындағы көлік құралдарын жүргізу құқы, "В" немесе "В"- "С" категориялы куәліктері бар, тиісті көлік құралдарында үзіліссіз бір жыл жұмыс істеген, белгіленген бағдарлама бойынша қайта дайындықтан өтіп, теория және тәжірибе емтихандарын тапсырған жүргізушілерге беріледі.

Жүргізу машығы бойынша емтихан-оқу ұйымдары берген автобустар мен тізбек-тіркемелі көлік құралдары бойынша қабылданады.

Ескерту: Мерзімді әскери қызметтегілерге "Д", "Е" категориясындағы көлік құралдарын жүргізу құқы, оның жүргізуші куәлігінің "В"- "С" графаларында белгі болып үзіліссіз кемінде 6 ай (белгіленген бағдарлама бойынша қайта дайындықтан өту мерзімі қосылады) жұмыс істегенде және теория мен тәжірибе емтихандарын тапсырғанда беріледі.

2.9. Барлық көлік құралдарының жүргізушілері Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау министрлігі белгілеген тәртіп пен уақытта міндетті түрде дәрігерлік жарамдылық кепілдігін алғаннан кейін көлік құралдарын жүргізуге жіберіледі.

Мемлекеттік автомобиль инспекциясының жауапты қызметкерлері, автокөлік кәсіпорынның басшылары жүргізушінің денсаулығына күмәнданатын болса, оны белгіленген мерзімнен бұрын, қалыптасқан тәртіп бойынша дәрігерлік тексеруге жібере алады.

Егер жүргізуші дәрігерлік қаралудан бас тартатын болса немесе дәрігерлік комиссия оны көлік құралын жүргізуге жарамсыз деп тапса, мемавтоинспекция белгіленген тәртіп бойынша оның жүргізушілік куәлігін алады.

Ескерту: Дәрігерлік жарамдылық тексерісіне жіберу туралы МАИ басқармалары, бөлімдері мен бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары, ал МАИ бөлімдері мен бөлімшелері жоқ жерде, ішкі істер бөлім басшылары мен олардың орынбасарлары шешім қабылдайды.

2.10. Жүргізушілерді көлік құралдарын жүргізу құқынан айыру ағымдағы заңдар негізінде жүзеге асырылады. Көлік құралдарын жүргізу құқынан айрылған адамдарға жүргізуші куәлігі, айыру мерзіміне байланыссыз, теория мен тәжірибеден емтихан тапсырғаннан кейін қайтарылады. Мұндайда ішкілік салдарынан жазаланған жүргізуші міндетті түрде дәрігерлік қараудан өтеді. Жүргізушілердің барлығы да өздері айрылған жүргізуші куәлігінде көрсетілгеннен жоғары категориядағы көлік құралдары бойынша тәжірибе емтиханын тапсырады.

III. Емтихан қабылдау мен жүргізуші куәлігін беру тәртібі

3.1. Барлық категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығы үшін теория мен тәжірибеден емтиханды МАИ бөлімдеріндегі емтихан комиссиясы қабылдайды.

Бұл емтихандар жүргізушілерді дайындау және қайта дайындау оқу ұйымдарының бітіру емтиханына сәйкес біріктіріле қабылданады. Осы емтихандарды дұрыс тапсырып шыққан адамдарға көлік құралдары категорияларына сай бағдарлама бойынша дайындықтан өткендігі туралы куәлікпен қатар, сол категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігі де беріледі.

3.2. Теория мен тәжірибеден емтихан алатын комиссияның құрамы үш данадан кем болмауы керек.

Комиссия құрамын тіркеу-емтихан бөлімінің бастығы тағайындайды және оған:

- МАИ бөлімінің қызметкері (комиссия төрағасы);
- жүргізушілер дайындайтын оқу ұйымдарының, автокөлік кәсіпорынның, әскери комиссариаттың және қоғамдық ұйымдардың (комиссия мүшесі) өкілдері кіруге тиіс.

Емтихан комиссиясы құрамына емтиханға түсетін топты дайындаған оқытушыға не автомобиль жүргізуге баулайтын өндірістік үйрету шеберін кіргізуге болмайды.

3.3. Емтихан комиссиясының мүшелері жолда жүру Ережесін, емтихан алу тәсілін білуге тиіс және:

- автомобиль мамандығы бойынша жоғары не техникалық орта білімі;
- емтихан алатын категория бойынша өзінің жүргізуші куәлігі;
- атқаратын қызметі бойынша жұмыс тәжірибесі, сонсын кемінде үш жыл

жүргізушілік стажы болуы шарт.

3.4. Оқу ұйымдарында оқып жатқан адамдардан, жергілікті жағдайға байланысты, алдыңғы айдың 25-не дейін МАИ бөлімдеріне түскен ұсыныс бойынша оқу орнында да, емтихан комиссиясы орналасқан жерде де емтихан қабылдануы мүмкін.

3.5. Көлік құралдарын жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігін алам деушілер МАИ бөліміне болмаса МАИ емтихан комиссиясына:

- емтихан тапсыруға жіберілген оқушылар тобының тізімін;
- жоғары не техникалық арнаулы орта білімі турасындағы дипломының көшірмесін (осы Ереженің 2.1.2. пунктінде айтылған адамдар үшін);
- диплом көшірмелерін және семестр және емтихан ведомостарынан көшірме болмаса дипломға қосымшасын (2.2. пунктте көрсетілген адамдар үшін);
- төменгі оң бұрышы ашық қалдырылған жылтырақ емес қағазға түсірілген 3,5, 4,5 мөлшерлі екі фотосуретін;
- тиісті категориядағы көлік құралдарын жүргізуге жарайтындығы турасындағы белгіленген үлгідегі дәрігерлік анықтама (N 2 қосымша);
- емтихан үшін белгіленген және жүргізуші куәлігі мен оның берілуі үшін қажетті (алым мөлшері жергілікті әкімшілік қабылданған шешімнен анықталады) алымдарды төлегені туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі не жинақ банкісі мекемелерінің квитанциясын;
- Төлқұжатын не соның орнына жүретін құжатын әкеледі.

3.6. Жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсырар алдында жүргізуші карточкасы (N 3 қосымша) толтырылады да ол төлқұжатымен не оның орнына жүретін құжатымен бірге емтихан комиссиясына беріледі.

3.7. Емтиханның реті:

Бірінші - теория, екінші - тәжірибе.

Теорияны тапсыра алмаған адам тәжірибе емтиханына жіберілмейді.

Теориялық және тәжірибелік емтихандарды қабылдау тәсілі N 15, 16 қосымшаларда баяндалған.

3.8. Оқы ұйымдарында автокөлік құралдарын жүргізуді оқыған адамдарға емтиханды, теориядан болсын, тәжірибеден болсын қайта тапсыру мерзімі 15 күннен әріге, ал 2.1.1., 2.1.2., 2.1.3. пункттерінде айтылған адамдарға қайта тапсыру 30 күннен әріге белгіленеді.

Ескерту: Тұрған жерінен көшетін не әскерге, оқуға, ұзақ іссапарға (3 айдан аса уақытқа) т.б. кететін адамдар үшін, дәлелін растайтын құжатын көрсеткенде, түсінушілік ретінде емтиханды қайта тапсыру 7 күннен кейінге белгіленеді.

Оқу ұйымдарында дайындықтан өтіп, қайта емтихан тапсыруға жіберілген адамдарға, емтиханды қайта тапсыру кезінде, оқып дайындалғандығы туралы куәлік орнына, қайта емтихан тапсыруға жолдама (N 4 қосымша) және алдыңғы

емтихандардың бағалары қойылған жүргізуші карточкасы беріледі.

Теориядан алған жарамды баға үш айға дейін күшін жоймайды. Көрсетілген мерзім кетсе, жүргізушілікке талапкерге теориядан емтиханды қайта тапсырады.

3.9. Жолда жүру Ережесі мен жүргізу тәжірибесі бойынша қабылдаған емтихан нәтижелері емтихан карточкалары негізінде хатталады. (N 5 қосымша), міндетті түрде емтиханға қатысқан комиссия мүшелерінің қолдары қойылады.

3.10. Теория мен жүргізу тәжірибесінен емтихан тапсырған адамдарға хаттама негізінде тиісті категория бағдарламасы бойынша оқып шыққандығы туралы (оқу ұйымдарында оқу бітіргендер үшін) куәлік пен жүргізуші куәлігі жазып беріледі де соңғысының сериясы мен рет саны жүргізуші куәлігін беретін кітапқа (N 6 қосымша) және жүргізуші куәлігіне жазылады.

3.11. Жүргізуші куәлігі қолмен арнаулы сиямен, қара түсті пастамен болмаса ПЭВМ баспа машинкасымен толтырылады.

3.12. Жүргізуші куәлігі берілуінің заңдылығы мен толтыру дұрыстығын емтихан комиссиясының төрағасы тексеріп қолын қойған соң мөр басылады.

Оқу ұйымын бітіргендігі турасындағы куәлікте жүргізуші куәлігінің берілген уақыты, сериясы, рет саны және оны берген бөлімнің аты жазылады. Жазулар мөр басылып бекітіледі.

3.13. Жүргізуші куәлігінің графаларындағы жүргізуге болатын көлік құралдарына сай әріпті ұяға "Разрешено" ("Рұқсат") деген штамп қойылады. Басқа "Рұқсат" етілмеген категориядағы көлік құралдары графаларына қиғаш сызықты штамппен жабылады, оған қоса дөңгелек компостер қойылады.

3.14. Жүргізуші куәлігі 15 жылға беріледі (_____дейін жарамды болмаса "Ерекше белгілер үшін" деген графаларға бұл турасында жазылады), ол мерзім өткеннен кейін осы Ережедегі көрсетілген тәртіппен ауыстырылады.

Ескерту: Жүргізуші шет елге кететін болса, оның жүргізушілік куәлігіне, дәрігерлік комиссиядан өту аралығы шектелген, басқа жарамдылық мерзімі қойылады.

3.15. Трамвай, троллейбус, мотоарба жүргізуге рұқсат алғандардың жүргізуші куәлігіндегі "Ерекше белгілер үшін" графасына аталған көлік құралдары категориясына сай штамп қойылып, мөр басылады. Тағы сондай шектеулер мен ескертулер сол графаға қойылуы мүмкін.

3.16. Жарамдылық мерзіміне дәрігерлік комиссия шектеу қойған адамдарға жүргізуші куәлігін беру кезінде, оның "Ерекше белгілер үшін" графасына "Дәрігерлік анықтама қажет" деген штамп қойылады.

3.17. Арнаулы оқу орындарын бітіргендер және көлік құралдары жүргізушілігіне оқыту үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі жинаған әскерге алынатындар, оқуларын бітірген бойда МАИ-ға емтихан тапсырады.

Теория мен жүргізу тәжірибесінен емтиханнан кейін оларға тиісті категория бойынша көлік құралын жүргізу куәлігі беріледі. Мұндайда куәліктің "Ерекше белгілер үшін" графасын, куәлік егесінің қай күннен (18-ге толғаннан) бастап автомобильді жүргізуге құқығы бар екені жазылады.

3.18. Басқа категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығын алғанда жүргізуші куәлігі жаңартылады да, бұрынғысындағы қажетті белгілер жаңасына көшіріледі.

3.19. Жүргізуші куәлігін оның егесі төлқұжаты не соның орнына жүретін құжатты көрсетіп, жүргізуші куәліктерін беру кітабына қолын қойып алады.

3.20. Жүргізуші куәлігі алынған кезде оның орнына уақытша талон беріледі. Ол берілгеннен кейін 30 күнге дейін рұқсат етілген категориядағы көлік құралдарын жүргізуге құқық береді.

Қажет жағдайда уақытша рұқсат мерзімін жол ережесін бұзған жердегі не көлік құралының түпкілікті (уақытша) есепте тұрған жеріндегі МАИ-дың жауапты қызметкері созып бере алады.

3.21. Бас бостандығынан айырылып жазасын өтейтін жерге кеткен, бірақ көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылмаған адамдардың алынған жүргізуші куәлігі, күшіне енген үкім не халық сотының қаулысы негізінде, түзету-еңбек мекемесі әкімшілігінің ұсынысхаты бойынша қайтып беріледі.

IV. Жүргізуші куәлігін ауыстыру және жоғалған орнына жаңасын беру тәртібі

4.1. Жүргізуші куәлігін ауыстыру ауыстырушының өтініші (N 7 қосымша), тиісті категориядағы көлік құралдарын жүргізуге жарайтындығы туралы дәрігерлік анықтамасы, жүргізуші карточкасын немесе жүргізуші куәлігін берген ПМ, ПБ МАИ-дан растау қағазы әкелінгенде жүзеге асады.

4.2. Бұрын берілген уақытша не "Жалданып жұмыс істеуге құқысы жоқ" деген штампы бар, сондай-ақ жарамсыз болып қалған жүргізуші куәліктерін ауыстыру осы Ереженің 4.1. пунктіне сай жүзеге асады.

4.3. Жүргізуші куәлігі ауыстырылғанда, жаңа берілгеннің "Ерекше белгілер үшін" деген графасына ескісінің рет саны мен берілген күні қойылады.

4.4. Жүргізуші куәлігін жоғалтқан адамға ол түпкілікті не уақытша тұрған жері бойынша тіркелген болса, өтініші, жүргізуші карточкасы, дәрігерлік анықтамасы, қажет жағдайда оқу ұйымын бітіргендігі турасындағы куәлігі немесе бұрынғы куәлігін берген ПМ, ПБ МАИ-нан растау қағазы негіздерінде МАИ бөлімшесі "Дубликат" ("Қосалқы") деген белгі қойып жаңа куәлік береді.

4.5. Қосалқы жүргізуші куәлігін дайындау кезінде бір айға жарайтын жүргізуші куәлігінің талоны беріледі. Қажет болса (бір жаққа сұраныс жіберіп, одан жауап алғанша куәлікті жоғалтуға байланысты кейбір мәселелерді

анықтағанша) талон мерзімі 3 айға дейін ұзартылады. Жүргізуші куәлігінің талоны азаматтарға, олардан осы Ереженің 2-пунктінде айтылған тәртіп бойынша теория мен тәжірибеден емтихан алғаннан кейін беріледі.

Берілген талонға жүргізуші куәлігінің сериясы мен рет санының орнына " Жоғалғанның орнына" деген жазу, ал екінші бетінің төменгі жағына жарамдылық мерзімін ұзарту туралы жазылады.

4.6. Қосалқы куәлікті толтыру кезінде берілетін жүргізуші куәлігінің талоны бөлек кітап арқылы есептеледі және қосалқы куәлік берілгеннен кейін материалдарға қосылады. (N 8 қосымша).

4.7. Орнына дубликат берілген жүргізуші куәлігі, табылса ол жарамсыз деп танылады да белгіленген тәртіппен жойылу үшін, МАИ бөлімшесіне тапсырылады.

4.8. Ескі үлгідегі жүргізуші куәлігі ортақ үлгідегі куәлікке жалпы тәртіппен ауыстырылады. Мұндай жағдайда жаңа жүргізуші куәлігінің төмендегі категорияларына рұқсат белгілері қойылады:

- мотоцикл жүргізуші куәлігін ауыстырғанда - "А" категориясына;
- әуесқой - жүргізуші куәлігін ауыстырғанда - "В" категориясына;
- кәсіпқой - жүргізуші (үшінші класты) куәлігін ауыстырғанда "В", "С" категорияларына;
- МАИ берген екінші, үшінші класты жүргізуші куәлігін ауыстырғанда - "В", "С", "Д", "Е" категорияларына;

Трамвай, троллейбус, мотоарба жүргізу үшін ертеректе берілген куәліктер ауыстырғанда, ортақ үлгідегі жүргізуші куәлігіне көлік құралы категориясына сәйкес жазу жазылып штамп қойылады.

4.9. Екінші не бірінші класты жүргізуші дәрежесі берілгендігі туралы 1977 жылдың 1 қыркүйегіне дейін берілген куәлігі (квалификациялық талондары) бар кәсіпқой жүргізушілердің (3-класты) ескі үлгідегі куәлігі ауыстырылғанда, автобус не тізбек-тіркеме көлік құралдары бойынша тәжірибе емтиханын тапсырғаннан кейін жаңа куәлікке рұқсат белгілері "В", "С", "Д" ("В", "С", "Д") немесе "В", "С", "Д", "Е" категорияларына қойылады.

Ортақ үлгідегі куәліктері бар кәсіпқой жүргізушілер 1977 жылдың 1 қыркүйегіне дейін алған екінші не бірінші кластың жүргізуші дәрежесі берілгендігі туралы куәлігі бар адамдардың жаңа ортақ үлгідегі жаңа куәлігінің " Д" не "Е" категорияларына рұқсат белгілерін қою үшін, олар тиісті категория бойынша қайта дайындалғандығы турасындағы оқу ұйымының куәлігін әкеліп, автобуспен не тіркемелі автомобильдермен тәжірибе емтиханын тапсыруы керек.

4.10. Халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасы көлемінде жарамды. Жолда жүру туралы ағымдағы конвенцияға сай келетін ұлттық

жүргізуші куәліктері, олардың қазақшаға не орысшаға расталған аудармасы болса, Қазақстан Республикасы жерінде жарамды.

4.11. Жолда жүру туралы ағымдағы Конвенция талаптарына сай келмейтін, басқа мемлекеттер азаматтарының ұлттық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасы жерінде міндетті түрде ауыстырылуға тиіс.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың аталған жүргізуші куәліктері олардың расталған аудармасы мен ксерокөшірмелері <*> МАИ бөлімдеріне әкелініп, өздері дәрігерлік комиссиядан өткеннен кейін және теория мен тәжірибеден емтихан тапсырғаннан кейін барып ауыстырылады.

Бұл жерде ұлттық жүргізуші куәлігінде рұқсат етілген көлік құралдарын жүргізуге құқық беретін және осы Ереженің 1.3. пунктiнiң "Д" категориясынан басқа талаптарына сай келетін жүргізуші куәлігі беріледі.

<*> Ксерокопия жүргізуші куәлігiнiң түпнұсқасы көрсетілген кезде тура МАИ-да расталады.

4.12. Дипломатиялық статусы бар, Қазақстан Республикасындағы шет елдің дипломатиялық, консулдық және басқа өкілеттігі қызметкерлерінің жүргізуші куәліктерін ауыстыру тәртібін Қазақстан Республикасы Сыртқы және Ішкі істер министрліктері белгілейді.

4.13. Жүргізуші куәлігі жоқ шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының жүргізушілік куәлігі жалпы тәртіппен беріледі.

4.14. Жолда жүру туралы ағымдағы конвенция талаптарына сай келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігін шет елде жүріп алған Қазақстан Республикасының азаматтары, онысын Қазақстан Республикасының соған сәйкес жүргізуші куәлігіне, ауыстыру үшін дәрігерлік комиссиядан өтеді, аталған жүргізуші куәлігiнiң расталған аудармасы МАИ бөліміне әкеледі.

4.15. Жолда жүру туралы ағымдағы конвенция талаптарына сай келмейтін ұлттық жүргізуші куәлігін шет елде жүріп алған Қазақстан Республикасының азаматтары, онысын соған сәйкес жүргізуші куәлігіне ауыстыру үшін дәрігерлік комиссиядан өтеді, аталған жүргізуші куәлігiнiң расталған аудармасы МАИ бөліміне әкелінеді және теория мен тәжірибеден емтихан тапсырады.

4.16. Мемлекеттік немесе ұлтаралық тілді білмейтін елдік не басқа адамдар, теория мен тәжірибесінен емтихан тапсыруға маман аудармашының қатысуымен жіберіледі және аудармашы туралы мәліметтер емтихан комиссиясының хаттамасына енгізіледі.

Мұндай жағдайда теория емтиханы ауызша сұрақ-жауап әдісімен алынады және емтихан уақтылы шектелмейді.

V. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлайтын және қайта даярлайтын оқу ұйымдарын тіркеу тәртібі

5.1. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау мен қайта даярлаумен айналысатын барлық оқу ұйымдары МАИ бөлімдеріне тіркелуге тиіс.

5.2. Жүргізуші дайындау, қайта дайындау турасындағы оқу ұйымдары жаңадан ашылғанда олар тексеріп-зерттеледі. Мұндай тексеріс комиссиясы құрамына: ПБ МАИ бөлімінің қызметкері (төраға), облыстық (қалалық, аудандық) халыққа білім беру бөлімінің өкілі (төраға орынбасары), сондай-ақ оқу және оған басшы ұйымдардың өкілдері мүше ретінде кіреді.

5.3. Тексеру кезінде, көлік құралдары жүргізушілерін дайындау мен қайта дайындаудың реті мен мерзімі турасындағы Ереже талаптарына оқулық-материалдық база сай келуі, инженер-оқытушылардың, өндірістік оқу шеберлерінің білім деңгейі және оқу ұйымының сабақты бастауға әзірлігі анықталады да мұның бәрі еркін түрдегі актіге түсіріледі.

Оқу ұйымы қойылған талаптарға сай болған жағдайда әлгі актіге жасақталған оқушы топтарының саны және сабақтардың басталуы мен аяқталуы мерзімі көрсетіледі.

5.4. Жүргізушілерді дайындау мен қайта дайындаудың оқушы топтары 30 адамнан аспайды. Сабақ басталғасын 15 күннен қалдырмай оқу ұйымдары әрбір оқушы топтарын МАИ бөлімдеріне тізімге тіркетеді, белгіленген формада (N 9,10 қосымша) ұсынысы мен оқушылардың тізімін береді.

МАИ бөлімдеріне оқушылардың тізімі жүргізушілер дайындау бойынша оқушы топтарын есептейтін журналға тіркеледі.

5.5. Оқу ұйымдарының жұмысы басшы ведомствоның бақылауы ретінде жылына кем дегенде бір рет тексеріліп, нәтижелері қосымшалармен бірге актіленеді. Қажет жағдайда, байқалған кемшіліктерді жою турасында ресми талапхат жазылады.

Егер қадағалап тексеру кезінде оқу ұйымы МАИ талапхатына мән бермей, теориялық дайындығы төмен, көлік құралы жүргізу тәжірибесі нашар үміткер-жүргізушілерді емтиханға әкеле беретін болса, әйтпесе материалдық оқу базасы мен автомотокөлік қойылған талаптарға сай болмаса, онда бұл ұйымнан оқушы топтары тізімге алынбайды және бұл турасында оқу ұйымы мен оның (болса) басшы ұйымдарына хабарланады. Онан кейін бұл оқу ұйымының оқушы топтары тіркеу ісі, тек талапхатта көрсетілген кемшіліктер жойылған кезде жай осы Ереженің 5.1.-5.3. пункттерінде жазылған тәртіппен жүзеге асады.

5.6. МАИ бөлімдерінде көлік құралдары жүргізушілерін дайындайтын және қайта дайындайтын оқу ұйымдары бойынша, олардың жаракталуы мен қызметі турасындағы негізгі мәліметтер көрсетілген бақылау іс қағаздар тігіндісі болады. Онда: зерттеу актілері, предписание көшірмелері, қадағалау-тексеріс

материалдары қысқа талдау-анықтамалар сияқты құжаттар болады.

VI. Жүргізуші құжаттары мен басқада материалдарды сақтау тәртібі

6.1. Жүргізуші құжаттары бланкаларының түсуі мен жұмсалыу есебі қатал есептегі бланкалар мен сан белгілердің түсуі мен жұмсалыуын есептеу кітабы (N 12 қосымша) бойынша жүргізіледі.

6.2. Жүргізуші куәлігінің бланкалары қатаң есептегі құжат ретінде осы бұйрықтың N 3 қосымшасына сәйкес сақталады.

6.3. Толтыру кезінде бүлінген жүргізуші куәлігінің бланкалары кезекті тексеріс кезінде, қайта пайдалануға болмайтындай ететін әдіспен жойылады да тиісті акті жасалады.

Дәл осылай дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша көлік құралдарын жүргізуге жіберілмейтін жүргізушілердің, орнына басқасы берілгеннен кейін табылған, сондай-ақ жүргізу құқығынан айырылғаннан соң екі жыл бойы ізделмеген жүргізуші куәліктері жойылады да жүргізуші куәліктерін беру кітабына жасалады.

МАИ-дың басқа бөлімдері берген жүргізуші куәліктері жойылғанда оларға құлақтандыру (N 13 қосымша) жіберіледі.

6.4. Жүргізуші куәліктерін беруге және ауыстыруға негіз болған материалдар (өтініш, ескі жүргізуші куәлігі, алым төлеу квитанциялары т.б.) сол сияқты оқушы топтардың тізімдері жеке тігіліп белгіленген тәртіппен екі жыл сақталады

Ескерту: Орнына жаңасы берілген ескі жүргізуші куәлігіне "Жоққа есеп" деген штамп қойылып барып іс қағаздарына тігіледі. Емтихан комиссиясы хаттамалары 10 жыл, жүргізуші куәліктерін беру кітабы біткеннен соң 60 жыл сақталады. Хаттамалар мен кітаптар МАИ бөлімдерінде сақталады.

6.5. Дәрігерлік анықтамалар, жүргізуші карточкалары, оқу ұйымын

бітіргендігі туралы куәліктері, барлық құжат-қағаздар толтырылғаннан кейін, жүргізуші куәлігімен бірге қайтып беріледі.

6.6. Көлік құралдарын жүргізу құқысынан айырылған адамдардың жүргізуші куәлігі, егесі тұратын аймақта қызмет ететін МАИ-дің тіркеу емтихан алу бөлімінде сақталады.

Ережеге N 1 қосымша

А, В, В-С, Д, Е категориялары бойынша
көлік құралдары жүргізушілерін дайындау

курсын бітіргендігі жайлы куәліктің
Сипаттамасы

1. Куәлік "Иллюстрациялық" не "N 1 ОФсеттік" (120 гр) ақ қағазға болмаса "Картографиялыққа" жасалады.

2. Куәліктің мөлшері:

- жазық күйде - 160 x 110 мм
- бүктеу сызығы бойынша - 80 x 110 мм

3. Куәлік қатаң есептегі құжат болып саналады, тіркелу үшін А, В, В-С, Д, Е, Т әріптерінен тұратын сериясы мен алты сандық рет саны типографиялық әдіспен жазылады.

4. Сыртқы бетінің жоғарғы жағына қара бояумен Қазақстан Республикасы ЖЖҚ қорының эмблемасы түсіріледі және төменгі жағына қазақ және орыс тілдерінде "Куәлік" деп жазылады.

5. Куәліктің ішкі беттеріне түгел қызғылт түсті қорғағыш торлама жасалады, сол жақ бетіне қазақша, оң жақ бетіне орысша текстер жазылады. Куәліктің қара бояумен жазылатын қазақша, орысша текстеріне: оқу курсын бітірген адамның аты-жөні, емтихан нәтижелері, емтихан комиссиясы

төрағасының, оқу орны басшысының қолдары, сондай-ақ жүргізуші куәлігі берілгендігі туралы мемавтоинспекцияның тіркеу белгісі жатады.

6. Артқы бетінің төменінен: "Құжат көлік құралын жүргізу құқы бермейді. Жарамдылық мерзімі" 2 жыл" - деп қазақ және орыс тілдерінде ескерту жазылады.

7. Куәліктің сыртқы бетінің түсік категорияларына қарай төмендегідей болады:

- А - сары Д - көк
- В - жасыл Е, Т - ақ
- В-С - қызыл

Ережеге N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық Сақтау министрлігі

(мекеме аты)

Дәрігерлік анықтама
(Мемавтоинспекцияға көрсету үшін)

_____ (аты-жөні)

Жасы _____

Тұратын жері _____

Жұмыс орны _____

19__ жылы " " _____ дәрігерлік қаралудан өтті.

Дәрігерлік комиссияның қорытындысы

1. Троллейбус, трамвай жүргізуге жарамды (жарамсыз).
2. Мотоцикл, мотороллер, мотонар, мопед ("А" категориясы) жүргізуге жарамды (жарамсыз)
3. Рұқсат етілетін барынша салмағы 3500 кг-нан, жүргізушінікінен басқа орын саны 8-ден аспайтын ("В" категориясы) автомобильдерді (жалданып істеу құқысы жоқ) жүргізуге жарамды (жарамсыз).
4. Рұқсат етілген барынша салмағы 3500 кг-нан, жүргізушінікінен басқа орын саны 8-ден аспайтын ("В" категориясы) автомобильдерді (жалданып істеуге құқысы бар) жүргізуге жарамды (жарамсыз).
5. Салмағы шектелмейтін автомобильдерді (С) категориясы, жолаушы сыйымдылығы шектелмейтін автобустарды (Д категориясы) жүргізуге жарамды (жарамсыз).
6. Қолмен басқарылатын автомобильдерді жүргізуге жарамды (жарамсыз).
7. Мотоарба жүргізуге жарамды (жарамсыз).

Анықтама _____ дейін жарамды

Фотосурет пен дәрігерлік _____ Комиссия төрағасы
(қолы)

Комиссияның мөрі _____ Хатшы
(қолы)

Куәлігін алу үшін қайта емтихан
тапсыруға жолдама

(аты-жөні)

бойынша сынақтан өтеді

Жолдама берген

(қолы)

(аты-жөні)

Қайта тапсыратыны

Р/с	Бағдарлама	Сынақ	Белгілеуші
	бөлімі	уақыты	қолы

Екінші беті

Сынақтың нәтижесі

Бағдарлама	Сынақ	Сынақ	Емтихан алушының
бөлімі	уақыты	нәтижесі	қолы

Ережеге N 5 қосымша

Мемлекеттік автомобиль инспекциясы

емтихан комиссиясының 199__ж. " __ " _____

Хаттамасы

Комиссия құрамы: төраға _____ Мүшелері _____

Р/с	Емтихан алушының аты-жөні	Туылған жылы	Жүргізуге емтихан тапсыратын көлік құралының жері	Емтихан тапсырушының оқыған категориясы
-----	---------------------------	--------------	---	---

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Емтихан нәтижелері

теориядан	тәжірибеден
-----------	-------------

нешінші келгенде	тапсырды ма?	нешінші келгенде	тапсырды ма?
------------------	--------------	------------------	--------------

6	7	8	9
---	---	---	---

Төраға

Мүшелері

Ережеге N 6 қосымша

Жүргізуші куәлігі мен жүргізуші куәлігіне талон беру
Кітабі

рет саны	Аты-жөні	Туылған уақыты	Мекен жайы	Негіз болған құжаттың сериясы, ретсаны, қашан кім бергені
----------	----------	----------------	------------	---

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Куәлік қандай категориядағы көлік құралын жүргізуге берілді	Куәліктің сериясы, рет саны	Берілген уақыты	Аталғанның қолы (енгізілген шектеулер)	Ескерту
---	-----------------------------	-----------------	--	---------

6	7	8	9	10
---	---	---	---	----

Ережеге N 7 қосымша

Жеке меншік иелері үшін

Мемавтоинспекцияға

Азамат " " 199 ж. туған N үйде N пәтер телефон N қаланың ауданында
Паспорт сериясы N берілген

Жұмыс орны

Қызметі жұмыс телефоны N

Өтініш

Менің қайдан, кімнен алғаны

сатып алған

маркалы мем. санбелгілі қозғаушы N
шасси (белтемір) N қорабы/N, бұрын

(өлке, облыс, аудан) да есепте болған

түсті автомобилімді, мотоциклімді есепке қойып,
тіркеу құжаттарын беруіңізді өтінем. Көлік тұратын жері

Арызға төмендегідей құжаттар тіркеледі:

- 1.
- 2.
- 3.

" " 199 ж. өз қолы

МАИ-дің іс орайындағы белгілері

Автомобильдің (мотоциклдің) есептік мәліметтері:
қозғаушы N, шасси N, қорабы N арызда көрсетілгенге сай келеді.

" " 199 ж. Мемавтоинспектор қолы

санбелгі берілді тіркеу сериясы N

құжаты

199 ж.

Мемавтоинспектор

(құжатшы) (қолы)

Техникалық қараудан " " 199 жылы өтті.

Техникалық қараудың нәтижелері

Дұрыс жөнделген

Жөнделуі дұрыс емес

Ережеге N 7 қосымшаның жалғасы

Мемавтоинспекциясына

(қай облыстың, қаланың, ауданның)

" " _____ 199_ жылы _____

(қай облыста, қалада

ауылда туылған)

_____ тұратын

(қай жерде)

(қай жерде, қандай жұмыс атқаратын)

Сериясы _____ N _____

қашан, кім берген)

Төл құжаты бар _____ азаматтан
(аты-жөні)

Өтініш

19__ жылы " __ " _____
(қай облыс, өлке, республиканың)

МАИ бөлімінен алған сериясы _____, N _____
жүргізуші куәлігін _____
(қажетсізін сызып тастаңыз)

Өтінішке мынадай құжаттар қосылды:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

" __ " _____ 199__ жыл.

(өтінуші қолы)

Мемавтоинспекция белгілері:

Сериясы _____, N _____ жүргізуші куәлігі берілді
" __ " _____ 199__ жыл.

Мемавтоинспектор (құжатшы) _____ (қолы)

Ережеге N 8 қосымша

Көлік жұмсауға құқылы адамдар үшін
Мемавтоинспекцияға

Өтініш

өтініш жасаушы ұйымның толық аты
қай министрлікке қарайтыны

Ұйымның мекен-жайы

Автокөлік тұратын жер

өтінішке қоса көрсетілетін құжаттар, не
сұрайтыны жазылады

- 1.
- 2.
- 3.

Мәшине (мотоцикл) туралы мәліметтер

- | | |
|----------------|--------------------|
| 1. Машина типі | 2. Маркасы, моделі |
| 3. Қорап типі | 4. Шығарған зауыт |
| 5. Шыққан жылы | 6. Шасси N |
| 7. Қорап N | 8. Қозғаушы N |
| 9. Түсі | 10. Тіркеу құжаты |

Мемлекеттік санбелгісі

Машинаны МАИ-де хаттау

аты-жөні

ге тапсырылады

Ұйымның қолы расталады

мөр орны Ұйым басшысының қолы

Ұйым бас бухгалтерінің қолы

19 ж.

МАИ-дің жұмыс турасындағы белгілері

МАИ қызметкерлерінің қорытындысы

" " 199 ж. қолы

сандық белгі

сериясы N тіркеу құжаты берілді.

Мемавтоинспектор (паспортист)

қолы

" " 199 ж.

Ережеге N 9 қосымша

(республика, облыс, аудан)

_____МАИ бастығына

_____директорына

" " категориясы бойынша автокөлік

құралдарын жүргізуге оқыған

N _____ оқушылар тобын тізімге

алуыңызды өтінемін.

Мекен-жайы _____ телефон N _____
Сабақтың басталуы _____ сабақтың аяқталуы _____

Оқушылар:

1. Автокөлік құралдарының құрылыс пен техникалық баптау жөнінен _____, мамандығы _____

2. Ереже мен жолдау жүру қауіпсіздігі негіздерінен _____

_____ (аты-жөні)

Білімі _____, мамандығы _____

Жүргізуші куәлігі _____

3. Жол уақиғасына ұшырағандарға алғашқы көмек көрсету жөнінен

_____ (аты-жөні)

Білімі _____, мамандығы _____

Жүргізуге іс жүзінде үйрету шебері

1. _____

_____ (аты-жөні)

Білім _____ категориядағы автокөлік құралдарын _____ жыл жүргізген.

Оқытушылық куәлігінің сериясы _____ N _____

"__" _____ 199__ жылы берілген.

Ережеге 10 қосымша
(соңы)

Оқушылар тізімі

Рет саны	Аты-жөні	Туылған уақыты	Білімі/қайта дайындалатындардың жүргізуші куәлігі	Жұмыс орны	Мекен жайы
			мәліметтері		
			жазылады		

Оқу орнының басшысы _____ (қолы)

"__" _____ 199__ ж.

Ережеге N 11 қосымша

Жүргізушілер дайындау бойынша оқу
топтарының есеп
Журналы

Р/с	Оқу ұйымының	Топ	Тіркелген	Оқушылар	Оқып жатқан	Сабақтың
	аты	N__	уақыты	саны	көлік	басталуы
				кұралының	аяқталуы	
				категориясы		

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

Оқу	Дайындық.	Жүргізуге	Емтихан нәтижелері	Хабарлама	
күн	қа жауапты іс жүзінде _____	жіберілді			
тәр.	адам	үйретуші	Теория. Тәжірибе.	Әр айы-күні	
тібі	телефоны	шебердің	дан	ден жалпы	шеберден
	аты-жөні		топ бойын.	жеке-	
		ша	жеке		

9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15

Ережеге 12 қосымша

Қатаң есептегі бланктер мен санбелгілердің

түсуі мен жұмсалудың

Кітабы

Кіріс

Жұмсалуды

Түскен|Наклад.|Кімнен|Сериясы|Ретсаны |Саны|Жұмсалуды|Кімге|Сериясы|
уақыты|ной N |қабыл.| |басы-ая.| |уақыты|беріл. |
| |данды | |ҒЫ(ТОЛЫҚ| | |ді | |

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Ретсаны | Саны | Қалғаны
бас-аяғы | |
(толық) | |

10 | 11 | 12

Ескерту: Кітапта әрбір белгі мен бланк түріне өз алдына бөлім беріледі.

Ережеге N 13 қосымша

ІББ

(мемавтоинспекциясы)
" " _____ 199__ ж.
N _____
(республикасы, өлкесі, облысы)

(қаласы)

ПМ (б)мемавтоинспекциясы бастығына

(республикасы, өлкесі, облысы, қаласы)

ПМ (б) МАИ

тіркеу-емтихан бөлімі _____ -ке
(аты-жөні)

берген " " категориядағы автокөлік құралдарын жүргізу құқын
беретін сериясы _____ N _____

жүргізуші куәлігі _____ жоққа шығарылды
(себептер көрсетілді)

Бастық _____

(басқарма, бөлім, бөлімше)

(шені)

(қолы)

Ережеге N 14 қосымша

Орыс әріп. тері	Латын әріптері	Ескерту тері	Орыс әріп. әріптері	Латын	Ескерту
--------------------	---------------------	------------------	--------------------------	-------	---------

А	А		Н		
Б	В		О	О	
В			П	Р	
Г	С		Р		
Д			С		
Е	Е	Дауыссыздан кейін ини.	Т	Т	
	Е	циал және дауыстыдан ь	У		
Е	Е	және ь			

<*>

		ч,ш,щ,Ж-дан басқа ды.	Ф		
		быссыздардан кейін.	Х	КН	
О		ч,ш,щ,ж-дан кейін ини.	.	Т	
		циал және басқа дыбыс.			
		тыдан, ь және ь	Ч	СН	
Ж	Н		Ш	Н	
З			Щ	НСН	
И		Дыбысты дыбыссыздан	Б	,	Апостроф
		кейін ь-тан кейін	Ы		
И			Б	,	Апостроф
К	К		Э	Е	
Л			О		
М	М		Я	А	

<*>

. Ескерту. Инициалдар - және тұрған және сөз басында тұрған әріптер.

Ережеге N 15 қосымша

Теориялық емтихан тапсыру тәсілдемесі

1. Емтихан тапсыру формасы

1.1. Теориялық емтиханның бүкіл оқу тобынан да, оның бір бөлігінен де мынандай тәсілдемелердің бірімен қабылдануы мүмкін:

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы Бас басқармасы дайындаған билеттер бойынша ауызша жолмен алу;
- түрлі бақылау құрылғыларының көмегімен;
- емтихандық аппараттар көмегімен.

1.2. Емтиханның формасы болашақ жүргізушінің түрлі ережелер мен жарлықтарды білетінін және түсінетіндігін анықтай алатындай болуы тиіс.

2. Емтиханның мазмұны

2.1. Теориялық емтихан тапсыру кезінде болашақ жүргізушінің білімі мен түсінігі анықталады:

- Көлік құралын пайдаланудың шектеулі тәртібі мен жолда жүру ережелерін бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілік жарлықтарына баса назар аудара отырып, заңды білуі;
- жолда жүруге қатысы бар ережелер мен жарлықтарды, жол белгілері мен ескертулерді, жол таңбалары мен олардың мәндерін білуі;
- жолда жүру кезінде көлік құралдарына қатысы бар техникалық жарлықтарды білуі;
- жолда жүру қауіпсіздігіне қатысты болғандықтан жүргізушіге де қатысы бар ережелер, сондай-ақ жұмыс және тынығу ұзақтығы ережелерін де білуі;
- жол-көлік оқиғалары жағдайында жүргізушілердің өзін-өзі ұстау ережелерін

білуі;

- жол-көлік оқиғасы жағдайына тап болғанда жүргізушінің азаматтық және қылмыстық жауапкершілігі жайлы білуі;
- жол-көлік оқиғасына итермелейтін факторларды білуі;
- көлік құралдарының жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызы зор элементтерін білуі;
- жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге дәрігер келгенге дейін көмек көрсету тәсілдерін білуі;
- Жанар-жағар майларды үнемдеуге және автокөліктің зиянды әсерімен айналадағы ортаны ластауды төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау реттеу жұмыстары мен басқару амалдарын білуі;

2.2. Емтихандық билеттер көлік құралдарын жүргізу үшін куәлік алғысы келетін кісілерден жолда жүру ережелерінен емтихан қабылдауға арналған.

Билеттер жолда жүру ережелерінің бүкіл бөлімін, жол қауіпсіздігі негіздерін және медициналық дайындықты қамтиды.

Әрбір емтихан билетінде 20 сұрақ, олардың әрқайсысының 1-ден 20-ға дейін рет нөмірі бар. Бір сұрақтың 2-ден 5-ке дейін жауабы болады. Солардың біреуі ғана дұрыс және анағұрлым толық болып табылады.

Оқушылар жолда жүру ережелерін жаттамай, емтихан билеттерін жаттап алмас үшін билеттердің бірнеше түрі пайдаланылады.

2.3. Жолда жүру ережелері мен басқа да құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе сол толықтырулар мен өзгерістерге жауап бермейтін немесе сай келмейтін сұрағы не болмаса жауабы бар емтихандық билеттер алынып тасталады да, емтихан нормалы құжаттарға толық сай келетін билеттермен ғана қабылданады.

2.4. Емтихан нәтижелерін түсіру үшін емтихандық арнайы карточка болады. Емтихан тапсырушы осы карточкаға әрбір сұрақтың (теориялық емтихан тапсыру тәсілдемесіне N 1 қосымша) жауап нөмірлерін қояды.

Емтихан билеттерінің пайдалану мерзімін ұзарту және үнемі таза ұстау үшін целлофан пленкасымен қаптап қойған дұрыс.

3. Теориялық емтихан тапсыру.

3.1. Емтиханға бірден бірнеше адам кіреді. Олардың саны емтихан алатын бөлменің үлкен кішілігіне, жабдықтарына, не емтихан тапсырушылардың тәртібін бақылау мүмкіндігіне қарай белгіленеді. Емтиханның алдында емтихан тапсырушы кісінің тиісті құжаттарын тексеріп болғаннан кейін олардың қолдарына емтихан карточкасы беріледі. Емтихан тапсырушы осы карточкаға бүкіл қажетті реквизиттерін толтырады.

3.2. Билетпен және карточкамен жұмыс істеу тәртібін түсіндіргеннен кейін емтихан тапсырушы билет суырады. Билет суырғаннан кейін уақыт есептелінеді.

Ол 30 минуттан аспауға тиіс.

Емтихан тапсырушының билетпен жұмыс істеу жағдайы мынадай: әрбір сұрақты мұқият оқып, соның ішінде анағұрлым толық та дұрыс жауабын таңдау керек. Әрбір сұрақтың дұрыс жауабының нөмірін емтихан карточкасына түсіруі тиіс.

Автоматокөлік құралдарының, сондай-ақ трамвай, троллейбус және мотоарба жүргізушілерінің барлық категорияларына жауап беру үшін 20 сұрақ беріледі.

3.3. Емтихан тапсырушы өзіне берілген барлық сұраққа жауап беріп болған соң, емтихан карточкасын емтихан қабылдаушыға өткізеді. Емтихан басталғаннан кейін 30 минут өткен соң қалған емтихан тапсырушылардың да карточкалары жиналып алынады. Емтихан нәтижесі толтырылған емтихан карточкасы мен дұрыс жауап цифрларының таблицасын салыстыру жолымен анықталады. Емтихан карточкасындағы жауап нөмірлері таблицадағы цифрлар нөмірімен сәйкес келсе жауап дұрыс деп, ал сай келмесе дұрыс емес деп есептелінеді. Дұрыс емес жауаптар нөмірлері емтихан карточкасында дөңгелектеп көрсетіледі. Егер емтихан тапсырушы берілген сұрақтардың екеуіне ғана дұрыс жауап бермей, қалғандарына дұрыс жауап берсе "тапсырды" деген баға алады. Ал керісінше болса "тапсыра алған жоқ" деп бағаланып, қайтадан емтихан тапсыру үшін мерзім белгіленеді.

30 минуттың ішінде берілген сұрақтарға жауап бере алмағандар да емтихан тапсырмады деп есептелінеді.

Емтиханның соңында емтихан комиссиясының мүшелері емтихан карточкасына қолдарын қояды.

3.4. Теориялық емтиханды бақылау қондырғыларының немесе емтихан аппараттарының көмегімен жасырғанда МАИ бөлімшесінің қызметкері әуелі емтихан тапсыру ережелерімен және олармен жұмыс істеу тәртібін таныстырып түсіндіреді.

Емтихан тапсыру тәртібі жоғарыда айтылғандай күйде сақталады.

Теориялық емтихан тапсыру

тәсілдemesіне N 1 қосымша

Жолда жүру ережелері бойынша емтихан

тапсыру карточкасы

Фамилиясы _____, аты _____, әкесінің аты _____

Туған жылы _____

_____ куәлігін алу үшін емтихан тапсырды.

Емти. |Билет| Мынандай сұрақтар емтихан тапсыру нәтижесі

хан |тің| _____

тап. |N | 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20

сырған| |

күні | |

Жалпы | Комиссия
нәтижесі | мүшелерінің
| қолдары

Ережеге N 16 қосымша

Практикалық емтихан тапсыру тәсілдемесі

I. Көлік құралы және оның жабдықтары.

1.1. Жүргізушіге кандидаттан

<*>

, яғни болашақ жүргізушіден практикалық емтихан жүргізуші куәлігі қандай категорияға берілетін болса сондай көлік құралымен қабылданады:

<*>

Жүргізушіге кандидат болып емтиханды бірінші рет тапсыратын кісілер, сондай-ақ көлік құралының басқа категориясын жүргізу үшін куәлік алғысы келген байырғы жүргізушілер есептеледі.

1.1.1. "B"- жеңіл автомобилімен;

1.1.2. "C"- толық салмағы 3500 кг-нан астам жүк автомобилімен;

1.1.3. "D"- әдеттегідей сыйымдылығы 28 орындық, ұзындығы кемінде 7 метр, ауылдық жерлер үшін сыйымдылығы ең кем дегенде 20 орындық, ұзындығы 6,5 метрден кем болмайтын автобустармен.

Әскери жүргізушіге кандидаттан "D" категориясына практикалық емтихан осы айтылған автобустардың қай-қайсымен де алына береді.

1.1.4. "E" сүйрейтін көлік құралы "C" категориясына жататын ара қашықтығы бір-бірімен бір метрден астам кемінде 2 осі бар жартылай тіркемелі немесе тіркемелі көлік құралымен "D" категориялы көлік құралы үшін бір-біріне жалғанған автобуспен.

Ескерту: Жүргізушіге кандидат әйелдерден практикалық емтихан мынадай тұрғыда алынады:

"C" категориясына "Газ" маркалы жүк автомобилімен;

"D" категориясына - 14 жолаушыдан артық адам алып жүруге болмайтын микроавтобустармен;

"E" категориясына - бір ості тіркемесі бар "Газ" маркалы жүк автомобилімен.

2. Автомобильмен емтихан қабылдауды ұйымдастыру.

2.1. Автомобильмен емтихан қабылдау көлік құралдары өте көп жүретін тексеру маршрутында іске асырылады.

2.1.1. Тексеру маршрутында жүргізушіге кандидаттың іс әрекетін

мынандай жағдайларда міндетті түрде тексеруге барлық мүмкіндік қарастырылуға тиіс;

2.1.1.1. 2.4. "Жол беріңіз" немесе 2.5. "Тоқтамай өтуге рұқсат жоқ" белгісі бар көше қиылысынан жүріп өткенде;

2.1.1.2. Ескерту, бағыт көрсету жол белгілері, жүргізуші үшін басқа да хабарлар бар жол учаскелерінен өткенде;

2.1.1.3. Бағдаршаммен реттелетін және бағдаршамы жоқ көше қиылысымен өткенде;

2.1.1.4. Көше қиылысында екі рет солға бұрылғанда немесе бір рет айналым бұрылысын жасағанда;

2.1.1.5. Екі рет оңға бұрылғанда;

2.1.1.6. Бір бағытта жүретін екі және одан да көп қатарлы жолдармен

жүргенде;

2.1.2. Әрбір МАИ бөлімшесі үшін тексеру маршруты ол қызмет көрсететін халық саны, көше-жол жүйелерінің ұзақтығы мен жақсы-жамандығы ескеріле отырып анықталады.

Маршруттардың ұсынылатын мөлшері: халық саны 500 мың және одан да астам қалалар үшін 5-тен онға дейін, басқа елді мекендер үшін 3-тен 5-ке дейін.

2.1.3. Әрбір емтихан тапсырушыға арналған маршруттың ұсынылатын ұзақтығы осы тәсілдеменің 2.1.1.1. - 2.1.1.6. пункттерінде көрсетілген тексеру элементтерін қоса отырып 1,5 километрден 4 километрге дейін.

2.1.4. Тексеру маршруты маршрут картасы (маршрут схемасы) секілдендіріп 200 x 300 мм форматқа созылады. Әрбір маршрутқа, яғни жүріп өту жолын рет саны (маршрут картасының үлгісі практикалық емтихан тапсыру тәсілдемесіне N 1 қосымша) беріледі. Ұзақ сақтау мақсатымен маршрут картасын пленкамен қаптап алған дұрыс.

Емтихан тапсырушылардың дер кезінде ауысуын және емтихан қабылдау уақытын қысқартуды қамтамасыз ету үшін әрбір маршруттың бір жерден, мәселен емтихан алу пунктінің жанынан басталып, сол жерден аяқталғаны тиімді . Егер маршруттар бірінің ізінен бірі жалғасатындай таңдалса, онда бірінші маршруттың басы мен соңғы маршруттың соңы да осылай бір жерде болуға тиіс.

Ауық-ауық ауыстырып тұру үшін тексеру маршрутының тағы бір үлгісін дайындап қою ұсынылады (маршруттардың шамамен алған үлгісі - N қосымша).

Емтиханның алдында емтихан қабылдаушы жүргізушіге кандидатты қолына

түскен маршрут картасының бірімен тексеру маршрутын жүріп өту үшін таныстырады.

2.2. Емтиханның ұзақтығы жүргізушіге кандидаттың өзіне қажетті категориядағы транспорт көлігін жүргізіп, өз қабілетін нақты тануына жеткілікті болу керек.

Бір емтихан тапсырушыдан алынатын емтиханның ұзақтығы - 20 минут.

2.3. Емтихан элементтерінің орындалуын бақылауды емтихан қабылдаушы көзбен шолып қана бақылайды. Емтихан алынатын автомобильдегі емтихан қабылдаушының қажет кезде көлік жүргізуге араласуға ыңғайлы отыруы керек.

3. Емтиханның мазмұны.

3.1. Жүрудің басталуы.

3.1.1. Жүруге дайындалу, қалған көлік құралдарына сақ болу.

- 3.1.2. Двигательді іске қосу және дер кезінде ескерту сигналын беру.
- 3.1.3. Артқы жақты көрсететін айнаны пайдалану.
- 3.1.4. Көлікті орнынан жұлқымай бірқалыпты қозғау.
- 3.1.5. Екпін алып алған соң берілісті ауыстыру.
- 3.1.6. Тура жүру.
- 3.1.7. Жүргінші жолында дұрыс жағдай ұстау.
- 3.2. Тиісті жүру жылдамдығын сақтау.
 - 3.2.1. Көлік аралығындағы арақашықтықты тандау.
- 3.3. Бір бағытта жүретін екі немесе одан да астам жолағы бар жолды шебер пайдалану.
 - 3.3.1. Ескерту дыбыстарын дер кезінде қосу.
 - 3.3.2. Тұрған көлікті, соның ішінде жалпы пайдаланылатын көліктерді тағы басқа кедергілерді дұрыс айналып өту.
 - 3.3.3. Бір жолақтан екінші жолаққа дұрыс шығу.
 - 3.3.4. Жолды басқа да пайдаланушылардың берген сигналдарын дұрыс қабылдау.
- 3.4. Реттелетін көше қиылыстарынан өту.
 - 3.4.1. Көше қиылысына жақындағанда жол жағдайын бағалау. Қажет болса ескерту дыбысын (сигналын) беру.
 - 3.4.2. Көше қиылысына келгенде көлікті дұрыс тоқтату.
 - 3.4.3. Тоқтағаннан кейін жүрер кезде көлікті жұлқымай, кейін шегініп кетпей, бірқалыпты қозғау.
 - 3.4.4. Бағдаршамның жарығымен реттеуші милиционерлердің белгісін сақтау.
- 3.5. Реттелмейтін көше қиылыстарынан өту.
 - 3.5.1. Көше қиылысына жақындағанда жағдайды бақылау, белгілерді, таңбаларды, басқа жүргізушілердің сигналдарын ескеру.
 - 3.5.2. Басым жүріс құқын сақтау.
 - 3.2.3. Көше қиылысына және жаяу жүргіншілер жолына жақындаған кезде жылдамдыққа сақ болу.
- 3.6. Дұрыс бұрылу (айналып бұрылу).
 - 3.6.1. Бұрылуға дұрыс шығу.
 - 3.6.2. Бұрылу және бұрылып болғаннан кейін көлікті бірқалыпты жүргізу, жылдамдық ұстау және жол бағытын дұрыс сақтау.

3.7. Басып озу.

3.7.1. Басып озбастан бұрын жол жағдайын бағалау, жол белгілерін, таңбаларын және басқа жүргіншілер әрекетін ескеру.

3.7.2. Алдын ала ескерту дыбыстарын беру.

3.7.3. Нақты жағдайға орай басып озу кезінде жылдамдық тәртібін сақтау.

3.7.4. Басып озудың басында және аяғында жол бағытын ұстау, әрі жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3.8. Тоқтау.

3.8.1. Алдын ала ескерту сигналын беру және шетке дұрыс шыға білу.

3.8.2. Жүру жылдамдығын бірқалыпты төмендету.

3.8.3. Тоқтағаннан кейін автомобильдің жүргінші жолда дұрыс тұрған-тұрмағанын байқау.

4. Жүргіншіге кандидаттың дайындығын бағалау.

4.1. Дайындығын бағалауды жүргізушіге кандидаттың осы тәсілдеменің үшінші бөлімінде қарастырған автомобиль жүргізу элементтерін орындау кезінде жіберген кемшіліктері мен қателіктерінің салдарынан жинаған айып балдарының жиынтығы бойынша емтихан қабылдаушы іске асырады.

Жіберген кемшіліктері мен қателіктері автомобиль жүргізу (N қосымша) жөніндегі емтихандық карточкасында көрсетіледі.

Әрбір кемшілігі немесе бұзған ережесі емтихандық карточкасында көрсетілген айып тиісті санымен бағаланады. Өз дайындығының дұрыс қорытынды бағасын алу үшін жүргізушіге кандидат 100 айып баллынан аз бағаланатын қате жіберуге тиіс. Сонда оның емтихандық карточкасына "тапсырды" деген баға, ал "тапсыра алған жоқ" деген баға жүргізуге кандидат емтихан барысында 100 немесе одан да астам айып баллын жинаса ғана қойылады.

4.2. Емтихан мерзімі біткен кезде емтихан қабылдаушы жүргізушіге кандидатқа жіберген кемшілігін, жинаған айып балы жиынтығы мен қорытынды бағасын айту керек.

4.3. Жүргізушіге кандидат емтихан элементтерінің бірін орындаудан бас тартса немесе жол апатына апарып соқтырып, автомобиль жүргізуге емтихан қабылдаушы араласса, 100 айып балымен бағаланып, емтихандық карточкасына "тапсыра алған жоқ" деп көрсетіледі.

4.4. Автомобиль жүргізу жөніндегі емтихандық карточка жүргізуші

куәлігін беруге негіз болатын құжат. Сондықтан да белгіленген тәртіппен іс қағаздарының арасында сақталады.

5. Мотоциклмен емтихан қабылдауды ұйымдастыру және оған қойылатын талаптар.

5.1. Жүргізу дағдысы, әдеттегідей жеке мотоциклмен, мотороллермен тексеріледі.

5.2. Жүргізу дағдысын тексеру шамамен алынған схемасы практикалық емтихан тапсыру тәсілдемесіне N _____ қосымшада келтірілген арнайы алаңға іске асырылады.

5.3. Жүргізушіге кандидат мынандай шеберліктерді орындай білуі керек:
- Төменгі берілістен жоғарғы беріліске, жоғары берілістен төменгі беріліске ауыстыра отырып, тура жүру;

- мотоциклді өте төменгі жылдамдыққа, аяғын басқыштан алмай жүргізу;
- радиусы аз бұрылулар мен айналып бұрылуларды (үлкен айналым, жылан, сегіздік) орындау.

5.4. Егер емтихан тапсырушы "айналымды немесе" "жыланды" не болмаса " сегіздікті" орындау алмаса емтихан қабылдау тоқтатылады.

5.5. "Тапсыра алған жоқ" деген баға қою үшін есептелінетін екі қатеге қосымша мына жайттар да ескеріледі.

- "айналымды" немесе "жыланды" не болмаса - "сегіздікті" орындау кезінде жол жолағын басып кету;

- тоқтағаннан кейін, бірақ двигатель жұмыс істеп тұрған сәтте берілістен шығара алмау.

6. Мотоарбамен емтихан қабылдауды ұйымдастыру және оған қойылатын талаптар.

6.1. Мотоарба емтихан тапсыруға әлеуметтік қамтамасыз ету органдары ұйымдастырған арнайы курстарда оқыған мүгедектер жіберіледі.

6.2. Қосымша басқыштары бар оқыту мақсатындағы арбалар жоқ кезде емтиханды мүгедектер өз мотоарбаларымен тапсырады.

6.3. Көшелердегі (жолдардағы) емтиханнан бұрын арнайы алаңдарда мынандай дағдылар тексеріледі.

- двигательді іске қосу;
- төменгі берілістен жоғары беріліске, жоғары берілістен төменгі беріліске ауыстыра отырып, тура жүру;
- солға және оңға бұрылу;

- артқы жүрісті қолданып және қолданбай айналып бұрылу;
- артқы жүріспен шартты қақпаға кіру.

6.4. "Тапсыра алған жоқ" деген баға қою үшін есептелетін үш қатеге қосымша мына жайттар да ескеріледі.

- мотоарба орнынан жоғары қарай қозғалған кезде артқа жылжып кету;
- мотоарбаны тұраққа қойған кезде қол тежеуішімен тежемеу.

Практикалық емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 1 қосымша

N 1 маршрут схемасы

Құрманғазы көшесі

Байтұрсынов көшесі Абай даңғылы Масанчи көшесі

Сейфуллин даңғылы

Сәтпаев көшесі

Практикалық емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 2 қосымша

Тексеру маршруттарының схемасы

(әрбір маршрут бір жерден басталып, бір жерден аяқталады)

Құрманғазы көшесі

Байтұрсын көшесі Абай даңғылы Сейфуллин даңғылы

Масанчи көшесі

Сәтпаев көшесі

_____ 1-ші тексеру маршруты

_____. 2-ші "-"-"-

_____. 3-ші "-"-"-

..... 4-ші "-"-"-

Практикалық емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 3 қосымша

Тексеру маршруттарының схемасы

(маршруттар бірінен соң бірі келеді)

Құрманғазы көшесі

Байтұрсын көшесі Абай даңғылы Сейфуллин даңғылы

Масанчи көшесі

Сәтпаев көшесі

_____ 5-ші тексеру маршруты

..... 6-шы "-"-"-"-

..... 7-ші "-"-"-"-

..... 8-ші "-"-"-"-

Практикалық емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 4 қосымша

Автомобиль жүргізу жөніндегі

емтихандық карточка

_____ туған күні, айы _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

NN | Емтихан үстінде | Қатесі үшін | Жинаған айып балл
рет |жіберген қатесі, бұзған|айып балда. |емтихан тапсырған күш
саны| ережесі |рының шкаласы|

1 | 2 | 3 | 4

1. Жүрер алдындағы сәттерге

(белдік, қол тежеуіш)

дайындығы жоқ.

2. Басқа жүргіншілермен 5

санаспайды.

3. Ескерту сигналдарын

- бермейді немесе уақтылы
бермейді. 10
4. Артқы жақты көрсететін
айнаны пайдаланбайды 10
5. Жүргізу органдарын
пайдалана алмайды, бір
калыпты білмейді. 5
6. Жүргінші жолында дұрыс
жағдай ұстау алмайды. 10
7. Тиісті жүру жылдамдығын
сақтамайды. 10

Ескерту: Жіберілген қателерді (бұзған ережелер) емтихан қабылдаушы матрицадағы торларды сызу жолымен түсіреді. Ол торлар емтихан карточкасының әрбір позициясында орналасқан. Айып баллдары да жіберілген қатеге (бұзған ережеге) есептеліп, оны тағы да қайталаған кезде үстіне қосыла береді. 4 графаға алғашқы емтихан, ал 5 және 6 графаға қайта тапсырылған емтихандар түсіріледі.

жалғасы

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6

8. Ара қашықтықты сақтамайды 10
9. Тұрған көлікті, соның
ішінде жалпы пайдалану
көлігін дұрыс айналып
өтпейді
10. Бір қатардан екінші
қатарға дұрыс шықпайды. 10
11. Көше қиылысы немесе жаяу
жүргіншілер жолына жақын.
дағанда дұрыс тоқтамайды.
12. Бағдаршаммен реттеуші
милиционердің бағыт-бағдары
талаптарын орындамайды. 30
13. Жол белгілері мен таңбалары
талаптарын орындамайды. 15
14. Басым жүріс құқын

- сақтамайды. 20
15. Дұрыс бұрылмайды 10
16. Дұрыс басып озбайды. 20
17. Автомобильді дұрыс тоқтатпайды. 10
18. Апатты жағдайға ұрындырды, дереу тоқтата алмай, емтихан қабылдаушының араласуына тура келді. 100

Барлық жиналған айып баллы

Емтиханның нәтижесі (тапсырды, тапсыра алған жоқ);

Практикалық емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 5 қосымша

Мотоцикл, мотороллер, мопед жүргізуді үйренетін арнайы алаңның шамамен алынған схемасы;

1- оқу мотоцикл, 2- айналма маршрут, 3 үлкен сегіздік жолы; 4 - үлкен дәліз; 5 - үлкен айналма жолы; 6 - көлік құралдарының үлгілері; 7 - із тақтасы; 8 - үлкен "жыланды" жол; 9 - алғашқы үйрету алаңы.

Қазақстан Республикасы ІІМ
1994 жылдың 28 қаңтарындағы
N 17 бұйрығына N 3 қосымша

Тіркеу құжаттарын

<*>

жүргізуші куәліктерін, сол
куәліктердің талондары, көлік құралдарының нөмерлік
белгілерін қабылдау есепке алу, сақтау, бланкілерді
жұмсау және Қазақстан Республикасы ІІМ Мемлекеттік
автоинспекциясының тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде
тексеру өткізу тәртібі жайлы
Нұсқау

<*>

Ескерту. "Тіркеу құжаттары" - бір үлгідегі көлік
құралдарын тіркеу жайлы куәліктер, техникалық
төлқұжаттар, техникалық талондар, халықаралық
жолда жүруге арналған тіркеу куәліктері.

I. Жалпы ережелер

1.1. Тіркеу құжаттарының, жүргізу куәлігі талондарының <*> бланкілері қатаң түрде есепке алынатын бланкілер болып есептеледі және көлік құралдарының нөмерлік белгілері <***> Қазақстан Республикасы ІІМ арнайы өніміне жатады.

<*> Ескерту. Бұдан әрі қысқартып алу үшін "МАИ бланкілері"
деп аталады.

<***> Ескерту. Бұдан әрі қысқартып алу үшін "нөмерлік
белгілер" деп аталады.

МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшесін МАИ бланкілерімен және нөмерлік белгілермен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы ІІМ бекіткен тәртіппен іске асырылады.

1.2. МАИ бланкілері мен нөмерлік белгілерді қабылдау, есепке алу, сақтау, жұмсау, көлік құралдарын пайдалануға байланысты ақша төлеу МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшесі бастықтары мен МАИ бланкілері мен нөмерлік белгілерді қабылдау, есепке алу, сақтау жұмыстарымен тікелей айналысатын кісіге жүктеледі.

1.3. МАИ бланкілері арнайы бөлмелерде онда да темір жәшіктерде (сейфтерде) сақталады. МАИ бланкілері мен номерлік белгілер сақталатын бөлмелер құрғақ, оқшауланған, берік ілмекті және осындай терезелі, терезелері темір торлы, күзеттік және өртке қарсы дыбыстық хабар беретін жабдықты, сондай-ақ өрт сөндіретін құралдары бар болуға тиіс.

1.3.1. Күзеттік дыбыспен хабар беру жабдығы істен шыққан кезде тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің бастығы (аға мемлекеттік автоинспектор) оны қалпына келтіру үшін шаралар қолданады, ал ол жабдықтар жөнделіп жатқан кезде бөлме қарулы күзетке тапсырылады да, МАИ бланкілері, мөр, бұрыштама таңба және басқа арнайы өнімдер сақтай тұру үшін А ПБ-нің (аудандық ішкі істер бөлімінің) кезекші бөлімшесіне өткізіледі.

1.4. МАИ-дің тіркеу-емтихан алу бөлімінде МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді сақтауға мүмкіндігі болмаса, амал жоқ арнайы өнімдерді отқа жанбайтын немесе темір сейфтерде, жәшіктерде сақтай тұру үшін ішкі істер органының кезекші бөлімшелеріндегі күзетшіге өткізуіне болады. Мұндай жағдайда МАИ бланкілері мен номерлік белгілер салынған сейфтер, жәшіктерге сүргіш салынады да кезекшіге қол қойылып барып өткізіледі.

Ескерту: Жаңадан ашылатын АТЕАБ (ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімі), ТЕАБ (тіркеу-емтихан алу бөлімшесі) және ТБ (тіркеу бөлімі) осы нұсқаудың талаптарына қатаң түрде сай келуге тиіс.

1.5. МАИ бланкілері мен нөмірлік белгілер сақталатын бөлмеге аталған заттардың сақталуына басшылық жасайтын кісілер, олардың тікелей басшылары мен осы арнайы өнімдердің, яғни заттардың сақталу және есепке алыну жағдайларын тексеретін ішкі істер органының қызметкерлері (онда да олардың сақталуына басшылық жасайтын кісінің қатысуымен) ғана кіре алады. Жауапкершілік ПБ (ішкі істер басқармасы), ҚІБ-і (қалалық ішкі істер бөлімі) бастығының бұйрығымен нақты бір лауазымды кісіге жүктеледі.

II. МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді

қабылдау есепке алу және жұмсау

2.1. Дайындаушылардың (жөнелтушілерден) түскен МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді қабылдау үшін ПБ Мемлекеттік автоинспекция бөлімінің (басқармасының) бастығы құрамы кемінде үш адамнан тұратын комиссия құрайды.

МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді қабылдау жөніндегі комиссия:

2.1.1. Ыдыстар мен буындылардың жағдайын және бүтіндігін, пломбаларының буып-түйген кезде жапсырылған жазба қағаздарының, ыдыстың сыртқы таңбасының бар-жоқтығы мен таңбаның мазмұнын тексереді.

2.1.2. Ыдыс пен бумаларды ашады, келіп түскен МАИ бланкілері санының,

сериясы мен номерлерінің, сондай-ақ номерлік белгілері санының да сериясы мен номерленуінің дайындаушылар (жөнелтушілер) қағазында көрсетілуіне сәйкес келетін-келмейтінін бір-бірлеп отырып тексереді.

2.1.3. Бланкілер мен номерлік белгілердің қабылданғаны жөніндегі төрт дана (N 1 қосымша) етіп акт жасайды. Оның бір данасы МАИ бланкілерін, номерлік белгілерді қабылдағандарын айғақтау үшін дайындаушыға (жөнелтушіге) екінші данасын Қазақстан Республикасы ІІМ-нің МАИ Бас басқармасына жібереді, үшінші данасы облыстық (қалалық) ІІБ-нің МАИ бөлімінің (басқармасының) іс қағаздарына, төртінші данасы МАИ-дің тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің іс қағаздарына тігіледі.

2.2. Егер МАИ бланкілері мен номерлік белгілер жетіспесе артық шықса және бүлінген болса актіні үш дана етіп жасайды. Бүкіл шағым, белгіленген тәртіппен, тікелей дайындаушыға (жөнелтушіге) тасымалдау ұйымдарына немесе арнайы байланыс органдарына жасалады.

Сол актінің бірінші данасы оған қоса міндетті түрде заттармен қоса келген қағазы (накладная) зат жетіспеген (артық шыққан) не болмаса заттары бүлінген ыдыстың, буманың буып-түйгендігі жапсырма қағазы, пломбасы немесе сүргішті мөрі (дайындаушы мекеме үшін жапсырма қағаз жапсырылған орамы мен жібі қоса қайтарылады) жеткізген мекемеге жіберіледі, екінші данасы ІІБ МАИ Бас басқармасында, үшінші данасы - ІІБ Мемлекеттік автоинспекциясында сақталады.

Мемлекеттік автоинспекцияның ауданаралық тіркеу - емтихан алу бөлімшесі МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді мәлімдеме не сенім хат негізінде ІІБ МАИ-ның тіркеу-емтихан алу бөлімінен (бөлімшесінен) алады.

2.3. Қабылданған МАИ бланкілері мен номерлік белгілер алынған сәттен 10 күннен асырмай қатаң түрде есепте болатын бланкілер мен номерлік белгілерінің (N 2 қосымша) түсуін және жұмсалуды есепке алу кітабына кіріспе тіркеледі. Ондай кітап облыстық (қалалық) ІІБ МАИ-ның барлық тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде жүргізілуге тиіс.

2.4. Есепке алу кітабына тіркеуге МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді қабылдау актісі мен заттармен қоса жіберілген (накладная) қағазы негіз болып табылады (МАИ-дың ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімшелері үшін ІІБ МАИ-дың тіркеу емтихан алу бөлімдері (бөлімшелері) берген қағаз да жеткілікті. МАИ бланкілері мен номерлік белгілердің қалғандары әрбір операция жазылып болған соң шығарылып тасталып отырады. Қатаң есепте болатын бланкілер мен номерлік белгілерді өз ішінде алыс-берісті рет нөмерін қатал сақтай отырып, тіркеу-емтихан алу бөлімінің, ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің бастықтары, ол жоқ болса оның орнындағы лауазым иесі жүргізеді.

2.5. Кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға берілген МАИ

бланкілері мен номерлік белгілер көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және есепке алу заңдары мен азаматтардан емтихан алу және жүргізуші куәлігін беру, сондай-ақ жүргізушілерге көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беру (Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1993 жылдың 28 қаңтарындағы N 17 бұйрығына N 1 және N 2 қосымша) Ережелерінде көрсетілгендей тәртіппен жүргізіледі.

2.6. МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді есепке алу кітабының барлығы номерленуге, тігілуге, тігіс үстіне мөр басылуға тиіс. Кітаптың соңғы бетіне мынандай жазулар жазылып, облыстық тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің бастығы қол қояды.

Бұл кітап нөмерленіп, тігілді, тігістің үстінен мөр басылды "парақ". Жазу сиямен (пастамен) жазылады. Жіберілген қате сызылып тасталып жөнделеді де, жаңасы, яғни дұрысы жазылады, түзеткен кісі қол қояды.

2.7. Көлік құралдарын тіркеуге, тіркеуге өзгеріс енгізуге, есептен шығаруға, МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді беруге немесе ауыстыруға негіз болған құжаттар іс номенклатурасында қарастырылуға тиісті іс қағаздарына тігіледі. Іс қағаздарына тігілген барлық құжат парақ қалдырылмай номерленеді. Іс қағаздары (том) қатаң бақылауда болатын әр жүз бланкіден соң құралады ал, ең ақырғы бетіне арнайы тігілген таза параққа тіркеу емтихан алу бөлімінің, ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің бастықтары немесе олардың орнындағы адамдар ("Бұл томда") (істе) парақ тігілді, қатаң есепте болатын бланкілердің заңды түрде берілгенін тексердім" деп жазып, қызметін, атақ-шенін, фамилиясы, аты-жөнін, әкесінің атын көрсетеді де, қол қояды.

2.8. Толтыру кезінде бүлінген МАИ бланкілері тіркеу-емтихан алу бөлімшелерін тексеру үстінде Қазақстан Республикасы ІІМ Бас басқармасының әрбір бланк көлік құралдарын тіркеу және куәлік беру кітабына жазылған сериялары мен номерлерін салыстыра отырып тексеретін комиссияның қатысуымен өртеу жолымен жойылады. МАИ бланкілерінің жойылғаны жөнінде акт жасалады. Бүлінген қатаң бақылауда болатын бланкілердің номерлері мен сериялары актіге жапсырылады. Барлық ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімдері мен ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімшелері бүлінген бланкілерді акт бойынша (N қосымша) облыстық тіркеу-емтихан алу бөлімдеріне (бөлімшелеріне) өткізеді. Олар тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің іс қағаздарында (N 3 қосымша) сақталады. Кейіннен Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ Бас басқармасының тексеруіне ұсынылады.

III. ПБ (Ішкі істер басқармасы) комиссиясының тексеру тәртібі

3.1. МАИ бланкілерін номерлік белгілерді қабылдау, есепке алу, сақтау, жұмсау жағдайларын көлік құралдарын пайдалануға орай ақшаның дұрыс жиналғанын ПБ басшылығы тағайындаған комиссия тексереді. Комиссияның

төрағасы ІБ МАИ бөлімінің (басқармасының) техникалық бақылау бөлімінің (бөлімшесінің) бастықтары болады.

Комиссия құрамына ІБ, ҚІБ (қалалық ішкі істер бөлімі) МАИ бөлімінің (басқармасының) финанс-жоспарлау бөлімшесінің қызметкерлері кіреді.

3.2. МАИ қызметіне басшылық жасайтын ІБ-ы бастығының орынбасары бекіткен тексеру жоспарына сәйкес ІБ, ҚІБ, ФЖБ-нің (финанс-жоспарлау бөлімінің) қызметкерлерін тарта отырып, жылына екі рет ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің (пунктінің) қызметін тексереді. Оның орындалуы ҚІБ, ІБ-ы МАИ тіркеу-емтихан алу бөлімдеріне (бөлімшелеріне) жүктеледі. Комиссияның төрағасы ІБ МАИ-ның орталық тіркеу бөлімшелерінің бастықтары болады.

Комиссия құрамына ІБ МАИ-ның аудандық бөлімшелерінің (бөлімдерінің), ҚІБ, ФЖБ-нің өкілдері кіреді.

Ескерту: Жыл сайын 15 қаңтарға қарай МАИ Бас басқармасына жасалынған жұмыс есебімен бірге МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің келер жылғы қызметін тексеру жоспары да ұсынылады.

3.3. ІБ МАИ-ның облыстық тіркеу-емтихан алу бөлімінің (бөлімшесінің) жұмысын осындай тексеру жүргізуге және азаматтарды қабылдауды ұйымдастыра отырып бақылау ІБ МАИ-ның бөлімдеріне (басқармасына) жүктеледі. Тексеру кемінде жылына бір рет жүргізіледі.

3.4. Облыстық (қалалық) ІБ-нің басшылары тіркеу-емтихан алу бөлімшелері бастықтарының (аға қызметкерлерінің) қызметке ауысу мерзіміне қарамастан МАИ бланкілері мен номерлік белгілердің есепке алыну, сақтау, жұмсалу жағдайларына көлік құралдарын пайдалануға орай дұрыс жиналуына тексеру ұйымдастыра береді.

3.5. Жүргізілген тексерулер есебі МАИ-дың тіркеу-емтихан алу

бөлімшелеріне жүргізілген тексерулер есебі журналына есепке алынады (N 4 қосымша).

3.6. Тексеруге соңғы тексерілген сәттен күні бүгінге дейін жүргізілген материалдардың барлығы жатады.

3.7. Комиссия мына жайттарды тексереді:

3.7.1. МАИ бланкілері мен номерлік белгілердің дер кезінде және толық кіріске алынған алынбағанын.

3.7.2. МАИ бланкілері мен номерлік белгілердің сақталу жағдайын.

3.7.3. МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді белгіленген жұмсалу (берілу) және жойылу тәртібінің сақталуын.

3.7.4. МАИ бланкілері мен номерлік белгілер қалдықтарының нақты

санының қолдағы есеппен сай келуін.

3.7.5. Заңды мекеме жеке адамның көлік құралдарын тіркеу, тіркеуге өзгерістер енгізу және есептен шығару негіздерін.

3.7.6. Көлік құралдары мен агрегаттарды алғандығының немесе ауыстырып алғандығының заңдылығын дәлелдейтін, тіркеу құжаттарын номерлік белгілерді беруге, сондай-ақ көлік құралдарының қайта жабдықталуы үшін негіз болатын құжаттардың бар-жоқтығымен сапалы дайындалғандығын.

3.7.7. Жүргізуші куәлігін берудің негізін (тұңғыш рет пе, әлде жарамаған соң немесе жоғалтып алғаннан кейін орнына берілген бе?)

3.7.8. Көлік құралдарын пайдаланғандығы үшін төленетін ақшаның дер кезінде және дұрыс жиналуын.

3.7.9. Тіркелген көлік құралдары мен көлік құралдарын жүргізу құқынан айырылған кісілер картотекасының бар-жоқтығы мен дұрыс жүргізілуін.

3.7.10. Жолда жүру ережелерін бұзғандығы үшін көлік құралдарын жүргізу құқынан айырылған кісілердің куәлігін есепке алу, сақтау және қайта беру тәртібін.

3.7.11. Құжаттардың сақталу мерзімінің және тіркеу-емтихан алу жөнінде іс жүргізудің дұрыстығын.

3.7.12. Алдыңғы тексерудің, актілердің және басқа бақылау органдары анықтамаларының қорытындылары бойынша ұсыныстардың орындалуын.

3.7.13. МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшесі қызметкерлері құрамының жағдайын қызмет бөлмелерінің бар-жоқтығы мен жай-күйін азаматтарды қабылдайтын бөлменің бар-жоқтығын, олардың қажетті басқа жабдықтармен жабдықталғандығын.

3.7.14. МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшесі жұмысының белгіленген тәжірибенің сақталуын, қызметкерлер құрамын өздерінің тікелей міндеттеріне жатпайтын шараларға пайдаланатындығын немесе пайдаланбайтындығын.

3.7.15. Көлік құралдарын тіркеу, тіркеуге өзгеріс енгізу, есептен шығару, жүргізушілерге көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беру емтихан қабылдау және азаматтарға жүргізуші куәлігін беру тәртібін түсіндіретін хабарлар материалдарының бар-жоқтығын.

3.7.16. 20 пункттен 20.4. пунктке дейін комиссия құрамындағы ФЖБ-нің қызметкерлері тексереді.

3.8. Егер тексеру үстінде жақсы жұмыс тәжірибесі байқалып, оны басқа бөлімшелерге тарату қажеттілігі туындай қалса, комиссия тексеруді белгілеген басшыға жазбаша түрде баяндайды.

3.9. Тексеретін жерге келген соң комиссия ең алдымен МАИ бланкілері мен номерлік белгілердің түрлері бойынша нақты санын есептейді.

3.10. Тексеру тұтас тәртіппен жүргізіледі. Сол себепті барлық құжат МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді беруге негіз болған тіркеу және алу жазбалары да тексеріледі.

Көлік құралдарын тіркеу және куәлік беру есебін жүргізетін кітаптағы жазбалар оларды растайтын құжаттармен салыстырылуға тиіс.

3.11. Кемшілік, ереже бұзушылық және қиянат етушілік жағдайлары анықтала қалса тексеріліп отырған бөлімшенің лауазымды кісілері тарапынан оларға дер кезінде ескерту және кедергі жасау тұрғысында шара қолданылған қолданылмағанын анықтау керек.

3.12. Тексеру үстінде қылмыстық іс байқала қалса комиссияның төрағасы бұл туралы осы тексеруді белгілеген. ПБ, ПМ басшылығына дереу баяндауға міндетті.

3.13. Комиссия анықталған кемшіліктер мен ереже бұзушылықты ескеріп, оларды түзету тұрғысында орындау мерзімін көрсетіп, ұсыныс жасайды.

3.14. Тексеру нәтижесі жайлы акт жасалады. Оған комиссия мүшелері, тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің бастығы, ПБ-ның бастығы мен ПБ МАИ-ның бастығы қол қояды.

Актіде тексерілген ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері өздері атқарып жүрген қызметтеріне лайық па, жоқ па, сол туралы да міндетті түрде қорытынды жасайды.

Актіде көрсетілген кемшіліктер мен ереже бұзушылық хақында сондай-ақ актінің өзі мен оның кейбір пункттеріне қарсылығы болса тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің бастығы оған қол қоя отырып, өзінің түсінігін жазбаша түрде қоса береді.

Түсінікті тексерілген бөлімшенің тағы бір қызметкері, яғни тіркеу-емтихан алу қызметінен тікелей кемшілік жіберген кісі де жазады.

3.15. Тексеру актісі үш дана етіп жасалады. Оның бірінші данасын тексеруді белгілеген ПБ бастығына талқылауға және тексеру нәтижесі бойынша шұғыл жын өткізуге жібереді, екінші данасы тексерілген бөлімшеде қалады, үшінші данасы ПБ басшылығында тексеру нәтижесін талқылаған шұғыл жиынның хаттамасымен, ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің, ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің қызметтерін жетілдіру, тиісті тәртіпке шақыра отырып, екі апта мерзім ішінде байқалған кемшіліктерді жою тұрғысында басқарма қабылдаған шешімді қоса жоспарлы немесе жоспарсыз тексеру жүргізген соң Қазақстан Республикасы ПМ, МАИ Бас басқармасына жіберіледі.

Қажет болған жағдайда акт бұдан да көп дана етіліп жасалады.

3.16. Тексеріліп отырған тіркеу-емтихан алу бөлімшесінде ереже бұзушылық пен кемшілік байқала қалса комиссия сол бөлімшенің басшысына хабарлайды. Ал ол ереже бұзушылық пен кемшілікті жөндеу үшін, сондай-ақ қажетті жағдайда зерттеу жүргізіп, кінәлі кісілерді жазалау үшін кейінге қолма-қол шара қолданады.

IV. Қазақстан Республикасы ПМ МАИ Бас басқармасы белгілейтін тексеруді жүргізу тәртібі

4.1. ПМ МАИ Бас басқармасы белгілеген тексеруді арнайы комиссия жүргізеді. Комиссияның құрамына МАИ Бас басқармасының, міндетті түрде ФЖБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен ПБ-нің басқа да қызметін тарта отырып, ПБ МАИ-ның тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің қызметкерлері кіреді.

4.2. ПМ МАИ Бас басқармасына ПБ МАИ бөлімдерінің (басқармаларының) осы нұсқау талаптарын орындауын бақылау сондай-ақ ПБ МАИ-ның тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің ішінен біреуін тандап жүріп тексеру жүктеледі. Ондай тексеру осы нұсқаудың 20 пунктінде көрсетілген тәсілдеме бойынша екі-үш жыл мерзімінде бір рет келеді. Ал Алматы қаласы мен Алматы облысының П Бас басқармасының МАИ басқармасы жыл сайын тексеріледі.

ПМ МАИ-ның Бас басқармасы тексеру нәтижесі бойынша жазылған

анықтамасында тіркеу-емтихан алу бөлімі басшыларының және тексеріліп отырған МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшелері қызметкерлерінің атқарып отырған қызметтеріне лайық, немесе лайық емес екенін, ПБ МАИ бөлімінің (басқармасының) Қазақстан Республикасы ПМ МАИ Бас басқармасы қызметі тарапынан ұйымдастырушылық ролін міндетті түрде жазады.

Нұсқауға N 1 Қосымша

"Бекітемін"

(ПМ, ПБ-ның)

(қызметі, атақ-шені)

(аты)

(фамилиясы, аты-жөні, күні)

МАИ бланкілерін, номерлік белгілерді
дайындаушы кәсіпорыннан (жөнелтушіден) қабылдау

Жөнінде АКТ

_____ қаласы N _____ " ____ " _____ 199__ ж.

Негізі _____

(акт жасаған комиссияның құрамы)

Төрағасы _____

(қызметі, атақ-шені, фамилиясы, аты-жөнінің бас әріпі)

Комиссия мүшелері _____

(қызметі, атақ-шені фамилиясы, аты-жөні)

Қатысқандар _____

(қызметі, атақ-шені, фамилиясы, аты-жөні)

199__ жылдың " ____ " _____ комиссия мынандай шешім қабылдады.

199__ жылдың " ____ " _____ N _____ қосымша қағаз бойынша.

_____ (дайындаушы кәсіпорынның (жөнелтушінің аты)

_____ дана қорап (жәшік)

_____ (бланкінің, номерлік белгілердің түрі)

келіп түсті. Ашқан кезде _____

_____ болды.

_____ (бланкінің, номерлік белгілердің сериялары жазбаша)

_____ бланка, номерлік белгі толық алынды.

Алынған бланка номерлік белгі саны мен жөнелтуші құжатында

көрсетілген сан арасында алшақтық жоқ.

Комиссия төрағасы _____

(қолы)

(фамилиясы, аты-жөні)

Комиссия мүшелері _____

(қолы)

(фамилиясы, аты-жөні)

Нұсқауға N 2 қосымша

Қатаң бақылауда болатын бланкілер мен номерлік

белгілердің түсу және жұмсалыу есебінің кітәбі

Түсуі							Жұмсалыуы								
Түскен күні, жылы	Қосымша қағаз N	Кімнен алынған	Сериясы	Номерлері	Саны										
				...номер. ...номер.											
				ден	ге дейін										
1	2	3	4	5	6	7									
Жұмсалған күні, жылы	Кімге берілген	Сериясы	Номерлері	Саны	Қалдығы										
				...номер. ...номер.											
				ден	ге дейін										
8	9	10	11	12	13	14									

Автомотокөлік құралдарын, оның бөлшектері мен агрегаттарын сатып алатын анықтама-шот бланкаларын сатып алу, қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау тәртібі турасындағы Нұсқаулар

I. Жалпы ережелер

1.1. Бұл "Нұсқаулар" ағымдағы заңдар бойынша сауда жасауға рұқсаты бар және Мемавтоинспекцияға тіркелген, меншіктің қай түріндегі болмасын ұйымдар мен кәсіпорындардан автотокөлік құралдарын тіркемелерді, бөлшектерін, агрегаттары мен қосалқы бөлшектерін сатып алудың заңдылығын растайтын, бекітілген үлгідегі (N 1 қосымша) анықтама-шот бланкаларын <*> сатып алу, қабылдау есептеу, сақтау және жұмсау тәртібін Қазақстан Республикасы бойынша бір жүйеге келтіретін құжат болып табылады.

<*> Ескерту. Бұдан былай "Бланк" делінеді.

1.2. Облыстық (қалалық) ПБ МАИ бөлімдерінде сауда ұйымдарын тізімге тіркеу, сол ұйымның автотокөлік құралдарын, оның бөлшектері мен агрегаттарын сатуға байланысты іспен шұғылдануына құқығы бар дара шаруашылық ретінде, жергілікті әкімшілік органдарының тізімінде бар екенін растайтын құжат көшірмесі мен өтініш хат негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Бланктен қатаң есептегі құжат болып саналады.

1.4. Бланктерді қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау жауапкершілігі, автотокөлік құралдарын және оның қосалқы бөлшектерін сататын ұйымның бастығына, және бланктерді тікелей қабылдап, есептеп, сақтап жұмсайтын адамға жүктеледі.

1.5. Бланктер темір жәшіктерде (сейфтерде), құрғақ, басқа бөлмелерден оқшауланған, есігінде сенімді ілгегі, терезесінде темір торы бар, күзеттік және өрттен сақтандырғыш белгі бергіш пен өрт сөндіретін құралдары бар арнаулы бөлмелерде сақталуы тиіс.

